РАБОТА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ В УСЛОВИЯХ ЧС В АРЫСИ 4 стр.


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№62-63 (2445-2446) 12/07/2019 ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз


ЦИТАТА ДНЯ

**Сауат МЫНБАЕВ,**
**ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ»:**

**«НЕОБХОДИМО АКТИВИЗИРОВАТЬ РАБОТУ ПО НАРАЩИВАНИЮ ГРУЗОПОТОКОВ ПО НАШЕМУ МАРШРУТУ. ПРИНЯТЫЕ НАМИ РЕШЕНИЯ ДОЛЖНЫ СПОСОБСТВОВАТЬ ПРИВЛЕЧЕНИЮ НОВЫХ УЧАСТНИКОВ КОРИДОРА ТМТМ»**

АКТУАЛЬНО

# ПОСТАВКА ЗЕРНА – ПО ПЛАНУ

В Кокшетау и Петропавловске железнодорожники обсудили с руководителями крупных зернотрейдерных и экспедиторских компаний, сельхозпредприятий Акмолинской и Северо-Казахстанской областей вопросы обеспечения бесперебойных перевозок зерна нового урожая.

**Руслан РАХМЕТОВ**



Погрузка зерна Акмолинским отделением ГП за 6 месяцев текущего года составила 2,3 миллиона тонн. 79% акмолинского зерна отправляется на экспорт – в страны Центральной Азии, Иран, КНР, Турцию, Бельгию, Италию и Афганистан. Свыше 20% – в южные регионы страны.

До конца текущего года, учитывая тенденцию роста экспорта зерна нового урожая, запланирована перевозка более 6 миллионов тонн зерновых грузов и продуктов перемола, что на 10% выше объема перевозок в 2018 году. В том числе во внутриреспубликанском сообщении – 1,3 миллиона тонн, в экспортном – 4,7, что превысит уровень 2018 года на 10%.

Также планируется перевезти 636 тысяч тонн продуктов перемола, из них на экспорт – 423 тысячи тонн.

В 2019 году увеличились объемы контейнерных перевозок пшеницы и муки назначением на Вьетнам, Китай, Турцию, Италию и другие страны. По Акмолинскому отделению за 6 месяцев погружено чечевицей, пшеницей и ячменем более 900 контейнеров. Этот подход обеспечивает мобильную доставку груза от пункта отправления до пункта назначения, сокращает время транспортировки и оборота вагонов.

Исполнительный директор по планированию перевозок АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Нуржан Кельбуганов отметил, что процесс формирования контейнерных поездов позволяет осуществить перевозку по утвержденному расписанию и маршруту. Для таких составов сокращена продолжительность стоянок поездов в пути следования и обеспечивается сохранность перевозимого груза.

– Железнодорожники Акмолинского отделения ГП нацелены на максимальную и качественную работу по отправке продукции сельхозпроизводителей региона согласно заявляемым планам к перевозке, – сказал он.

В ходе совещаний грузоотправители жаловались на неудовлетворительный график работы элеваторов в выходные и праздничные дни. Так, если в рабочие дни погрузка зерна в среднем в сутки составляет до 15 тысяч тонн, то в выходные – в 2 раза ниже. Из-за этого в выходные и праздничные дни вагоны простаивают на подъездных путях элеваторов и мельничных комплексов. Негативно на перевозочный процесс влияют и задержки в оформлении перевозочных и сопроводительных документов, нечеткое планирование графиков погрузок.

Рациональное использование подвижного состава позволит сократить сверхнормативный оборот вагонов и обеспечить вывоз максимально возможных объемов зерна, напоминают железнодорожники и предлагают предусмотреть в договорных отношениях взаимную финансовую ответственность за сверхнормативную задержку вагонов и необеспечение подвижным составом.

*Продолжение темы на 3 стр.*

*Фото автора*

АҚПАРАТ

## ЖҮКТІ РӘСІМДЕУ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛЫП КЕЛЕДІ

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ алға тартқан дерекке жүгінсек, үстіміздегі жылдың алғашқы алты айында еліміз бойынша 6 294,4 кг қол жүгі тасымалданыпты. Бұл көрсеткіш өткен жыл деңгейімен салыстырғанда 0,4% артық болып отыр.**

Сөз реті келгенде, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның республика бойынша жүк және қол жүгін 12 бағыт бойынша тасымалдайтынын және елімізде 30 жүк бөлімшесі қызмет істеп жатқанын атап өтер едік.

Мамандар шамадан тыс жүкті немесе қол жүгін рәсімдеу үшін пойыздың жөнелту уақытынан бір сағат бұрын вокзал кешенінде орналасқан жүк бөлімшесіне жүгіну керектігін айтады. Сондай–ақ, теміржол арқылы бандероль, қорапша, салемдеме жіберем десеңіз, еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан «Қазпошта» бөлімдеріне жүгінсеңіз болады. Ал жүкті жолсерік арқылы жөнелту заңсыз болып табылады, сондай-ақ, Компания жүгіңіздің жолда сақталуына кепілдік бермейді.

Осы ретте, «Жолаушылар тасымалы» АҚ теміржолда билетсіз жүру және заңды түрде рәсімделмеген жүкті тасымалдау әрекеттеріне тосқауыл қою мақсатында 2018 жылдың сәуір айында «нөлдік» төзімділік принципін енгізген болатын. Заңсыз әрекетке бой алдырған Компания қызметкерлеріне, яғни заңды рәсімделмеген жүкті қабылдап, тасымалдаған жолсерікке қатаң түрде әкімшілік шара қолданылады. Тіпті еңбек келісімшарты да бұзылуы мүмкін.

Заңсыз рәсімделген жүк не қол жүгіне тап болсаңыз – азаматтық ұстанымыңызды көрсетіп, фото және бейнетаспаға түсіріп (пойыз, вагон, орын нөмірін көрсету шарт) Компания Бас директорының блогына жазып жіберулеріңізді сұраймыз деп хабарлайды. (http://temirzholy.kz/blog-predsedatelya-pravleniya/).

Айта кету керек, соңғы уақытта «Жолаушылар тасымалы» АҚ қолға алып жатқан осындай іс-шаралардың нәтижесінде жолаушы халық тарапынан жүктерін бұрынғыдай жасырын вагонға алып өтіп жоғарғы сөрелерге тықпалау сынды келеңсіз көріністер сап тыйылмаса да азайған. Жолаушы халық жүктерін заңды түрде рәсімдеуді үйреніп келеді.

*Ислам ТАЛҒАТ*

АКЦИЯ

## КІТАП ОҚЫҢЫЗ...

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның HR департаменті қоғамның техникалық орталығымен бірлесіп, компанияның бас ғимаратында «Кітаптар өз қолыңда» атты акцияны іске қосты.**



Аталған департаменттің бас менеджері Ақмарал Байғабылованың айтуынша, екінші қабаттан ашылған аталған акция сенім қағидаттарына негізделген. Бір айға созылатын шара аясында ашық кітапханадан қызметкерлер техникалық бағыттағы шығармаларды, сонымен қатар көркем әдебиетті де таба алады. Қызметкерлер өз беттерінше кез келген қалаған кітабын алып, оқып болғасын оны орнына қайтадан қойып кетеді.

– Атақты француз жазушысы «Адамдар оқудан қалған кезде, ойланудан да қалады» деген екен. Сондықтан осы игі ісіміздің арқасында интернетке үңілген дәуір азаматтарының назарын қайтадан кітаптарға аударып, рухани баюға ықпал етеміз деген сенімдеміз, – дейді бас менеджер.

Техникалық орталықтың бас менеджері Наталия Смольянованың айтуынша, келушілер кітаптарды пайдаланып қана қоймай, сол жердегі ұсыныстар мен тілектер кітабына өздерінің нақты бір басылымдар бойынша сұраныстарын жазып қалдыра алады.

– Түрлі әдебиеттерден құралған кітапхана басылымдарының денін негізінен қозғалысты ұйымдастыру, жол шаруашылығы, электрмен жабдықтау, СОБ және байланыс, еңбек және қозғалыс қауіпсіздігі, логистика және жылжымалы құрам туралы жинақтар құрайды. Ал көркем шығармалар қатарында тарихи және фантастикалық романдар мен детектив бар, – дейді Н.Смольянова.

Оқырмандар үшін Техникалық орталық мамандары дайындаған темір жол саласын дамытудың өзекті мәселелері мен техникалық құралдарды пайдалану, персоналды басқару бойынша тақырыптық жиынтықтар мен сараптамалық талдаулардың кең ауқымды таңдауы бар.

*Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ*
*Суретті түсірген автор*

ЖОБА

# ҚОС БАҒЫТТА ҚОЗҒАЛЫС АШЫЛАДЫ

Қазақстан темір жолы бойынша жүктемесі ең көп телім саналатын Қырқыншы – Нұр-Сұлтан-1 станциялары аралығындағы үшінші айналма жолда екі бағытта қозғалыс ашу жұмыстары жүріп жатыр. Бұған дейін тек бір бағытта жүретін пойыздарға енді тақ бағытта да, жұп бағытта да қозғалыс ашылып, тоғыз жолдың торабы Қырқыншы станциясына түсетін жүктеме азаяды.

**Ұлан ОРАЗ**

Теміржол мамандарының айтуынша, Қазақстан бойынша ең жүктемесі көп телім – Астана – Ерейментау бағыты. Қырқыншы болса, сол аралықта барлық бағыттардың түйісетін, елордаға кірерде барлық жақтан келетін пойыздар үстінен өтетін станция. Бүгінгі жүріп жатқан жұмыстар станцияның екінші тынысын ашып, өткізу қабілетін арттырары сөзсіз. Қосымша жол салынбайды. Тек сол жол орталықтан басқару жүйесіне қосылып, кезекші пультте отырып, екі бағыттағы да қозғалысты көріп, басқара алады. Белгі беру құрылғылары қос бағыт бойынша да қозғалысты көрсетіп және бағыттап тұрады. Электрлік желілер қосылады. Дауыс зорайтқыш байланыс орнатылады. Өткелдер қосымша белгі беру жабдықтарымен толысады. Нәтижесінде тек Қырқыншы станциясының ғана тынысы ашылып қоймайды, сонымен бірге елорда станциясының да жүктемесі азаяды.

Астана белгі беру және байланыс дистанциясының (ШЧ-16) аға диспетчері Ержан Иманбаев осы жұмыстың басы-қасында жүргендіктен қозғалысшылар мен байланысшылар, электрмен қамту, тағы басқа да құрылымдық қызметтермен бірлесе жүргізіліп жатқан бұл жұмыстың нәтижесі туралы жан-жақты айтып берді. Оның айтуынша, үшінші айналма жолда бұған дейін тек Қырқыншыдан Нұр-Сұлтан-1 станциясына дейін бір бағытта ғана жүретін пойыздар енді елордадан Қырқыншыға дейін жүреді. Бір жолда екі, яғни, тақ бағытта да, жұп бағытта да қозғалыс ашылып, тоғыз жолдың торабында жатқан Қырқыншы станциясына түсетін жүктеме айтарлықтай азаятыны өз алдына, елордаға бағыт алатын құрамдар салмағын азайтып, яғни Нұр-Сұлтан-1 станциясына да түсетін жүктеме төмендейді.

– Бұл ЭЦ жүйесі арқылы жүзеге асырылады, бізде тәжірибеде бар. Үшінші айналма жол бойынша басшылықтың шешімімен өткізгіштік қабілетті арттыру, әрі жүк ағынын арттырып, пойыздар көптеп жүруі үшін екі бағытта да жүретіндей етуге жұмыс жасап жатырмыз. Бұл – өте ауқымды жұмыс, ол үшін қосымша бағдаршамдар, белгі беру құрылғыларын орнатып, кабельдік шаруашылықты реттеу керек. Бірінші кезеңде жұмыс жоспары және схемасы бекітіледі. Оған өзгерістер енгізіледі. Тек ең соңғы нұсқа бекітілген соң біз жұмысқа кірісеміз. Схема бекітілгесін кабельдерді орнату, қазу жұмыстарына кірістік. Қосымша құрал-жабдықтар орнатылуда. Соңында бұл орталықтандыру жүйесіне қосылады. Аталған жұмыстарды осы жылдың қыркүйек айына дейін аяқтау көзделіп отыр. Қазіргі таңда қолға алынған жұмыстың 65 пайызы бітіп тұр. Кабельдер қойылды. Енді белгі беру құралдары орнатылады, – дейді аға диспетчер.

Бүгінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқан жұмыс қызу жүріп жатыр. Қыркүйекке қарай қос жолда қозғалыс ашылуы күмән тудырмайды.

БҮГІНГІ САН

**ЕЛІМІЗДЕ КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛ**

**47%**

**АРТТЫ**

БЕЗОПАСНОСТЬ

# ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ В НОВОМ ФОРМАТЕ

Портал для сбора предложений, направленных на повышение безопасности движения, «Безопасность – прежде всего» разработан и внедрен в АО «НК «ҚТЖ».

**Любовь РОВБА**

Его запуск на брифинге по обеспечению безопасности движения поездов в феврале нынешнего года анонсировал управляющий директор по безопасности АО «НК «ҚТЖ» – директор департамента безопасности движения Марат Шакенов, отметив, что портал будет запущен в первом квартале 2019-го и станет полноценной открытой коммуникационной площадкой для актуализации вопросов развития культуры безопасности и нулевой терпимости к нарушениям. Данное заявление было реализовано в марте в корпоративной сети АО «НК «ҚТЖ». Доступ к нему получили все работники компании во всех регионах страны.

Портал предоставил им возможность внести свои предложения по улучшению состояния безопасности движения, в том числе и по нормативно-технической документации, где каждый сотрудник, имеющий доступ к порталу, может напрямую рекомендовать, какие пункты нужно внести в документ или актуализировать. Отдел методологии постоянно просматривает поступающие замечания от работников, и при разработке регламентирующих документов они учитываются.

Примечательно, что возможность внести свою лепту в повышение культуры безопасности появилась и у простых обывателей. На главной странице официального сайта АО «НК «ҚТЖ» заработал блок «Безопасность движения поездов – прежде всего». Открыв его, любой желающий может подать предложение или задать вопрос по безопасности движения, нормативно-технической документации и сообщить о нарушениях прокомментировал Марат Шакенов.

– Мы постарались сделать этот процесс максимально простым – чтобы человек мог зайти и сразу написать сообщение по интересующей его теме, которое отправится на электронный адрес непосредственному исполнителю для принятия управленческих решений, – отметил главный менеджер департамента безопасности движения Мурат Мусин.

**ВАЖНЫЕ ЗВЕНЬЯ**

Портал «Безопасность – прежде всего», доступный пользователям корпоративной сети компании, включает в себя шесть разделов: «Телефон доверия», «Программа преобразований мероприятий «Улучшение состояния безопасности движения», «Состояние безопасности движения», «Проекты нормативно-технической документации», «Культура безопасности движения» и «Лента новостей».

– Каждый работник АО «НК «ҚТЖ» имеет право на передачу достоверной информации о допущенных нарушениях безопасности по телефону доверия. В целях улучшения качества обслуживания мы установили аудиозапись всех звонков. Это анонимно и не будет нести отрицательных последствий для сотрудника, – подчеркнул Мурат Мусин.

В разделе «Программа преобразований мероприятий» отражена сама программа, включающая в себя основные направления по уменьшению случаев наездов людей на путях, повышение культуры безопасности движения и снижение отказов технических средств. А также план мероприятий и отчет об исполнении данной программы, который будет публиковаться на портале ежемесячно.

*Продолжение на 3 стр.*

АҚПАРАТ

## БИЛЕТ БЕС МИНУТТА САТЫЛЫП КЕТЕДІ...

**Билет дауы ушығып тұр. Сатылым басталғаннан-ақ бір вагонның билеті 5 минутқа жетпей, қасқағым сәтте сатылып кетіп жатыр. Вокзал маңында делдалдардың да дәурені жүріп тұр. Билетті екі есе, үш есе бағасына сатып ұсталғандар бар.**

Ақтөбе теміржол вокзалының басшысы жолаушыларға қызмет көрсету сапасы үнемі бақылауда екенін айтады. Мамандар вагон тапшылығынан сұраныстағы билет қажеттілігін толық деңгейде қамтамасыз ете алмай отырғанын жасырмайды.

«Қазір жазғы демалыс маусымы болған соң билет тапшылығы бар. Оны мойындаймыз. Алматы, Маңғыстауға билет сұрап жатқандар, кезекке тұрғандар көп, орын аз. Жүк тасымалы қызметі әр пойызға күніне 1-2 вагоннан қосымша тіркеп отыр. Бірақ ол да қажеттілікті толық қамтамасыз етіп отырған жоқ. Мүмкіндігінше жағдай жасалып жатыр. Жасыратыны жоқ, бірақ вагон бәріне бірдей жетпейді. Өзіңіз қарай беріңіз, мына адамдардың барлығы қазір билет аңдып отыр. Бір вагонның билеттері 5 минутта сатылып кетеді. Вокзал біреу болғанымен жеке кассалар көп және электронды сатып алушылар бар. Сол себепті орындар тез сатылады», – дейді Ақтөбе теміржол вокзалының басшысы Тойбазар Қуанышев.

Қазіргі уақытта жолаушылар тасымалында 5 касса және жеке 9 касса жұмыс жасап тұр. Жазғы уақытта қызмет көрсету кассалары да көбейеді. Кассада бұрынғыдай кезек те жоқ.

«Кешегі Арыс оқиғасы жаздың қарбаласқан уақытында болғанын білесіздер. Вокзал мамандары уақытпен санаспай Арыс жағдайына қатысты барлық жағдайды жасады. Алматыдан, Шымкенттен автобуспен жеткізілген жолаушылар Атырау, Маңғыстауға қарай пойызға отырғызылды. Бір рейсте 30 адам болса, екіншісінде 40, тіпті 60 адамға дейін жайлаған кездеріміз болды. Тегін қонақ үй, тамақ берілді. Жолаушылардың барлығына қосымша пойыздар сұрап, барлығы орналастырылып, діттеген жерлеріне жөнелтілді. Осы жағдайда аяғынан тік тұрып жұмыс жасаған қызметкерлеріме алғыс айттым. Олар кезекшіліктерімен санаспай жұмысқа шығып, бір жеңнен қол шығарып жұмыс жасады», – дейді Тойбазар Қуанышев.

Вокзал бастығы қазіргі уақытта вокзалда жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарымен де таныстырды. Ғимараттың ішкі-сыртқы беті қалыпқа келтіріліп жатыр екен.

«Санитар мамандардың талабымен жоғарғы қабаттарға жөндеу жүргізіліп жатыр. Бұрын жоғарғы қабаттардың едені линолеум болатын. Қазір кафель төсеп жатырмыз. Жаңа талап бойынша вокзалда линолеум болмайды. Ақтау, сырлау, жылу құбырларын ауыстыру секілді ұсақ-түйек шаруаларды да атқарып отырмыз», – дейді ол.

Өкініштісі, мамандардың араласуымен пойызға билет сатып жүрген делдалдар да анықталған. Сараптамалық кеңестің мүшелері жолаушылар тасымалы саласының жағдайына мониторинг жүргізуде екен. «Олар 4 мың теңгенің билетін сатып алу үшін қосымша 8 мың теңге сұраған. Яғни, кассаларда билет болмаған кезде олар өз қызметтерін ұсынады», – деді сарапшылар.

Айта кетейік, кейін «Алматы-Орал» бағыты бойынша Алға станциясынан Ақтөбеге дейін және «Ақтөбе-Атырау» бағыты бойынша Алға станциясынан Аққемер станциясына дейін бір адам үшін 500 теңге көлемінде сыйақы төлеп, билетсіз жүруге болатыны да анықталды. Қазір барлық факті бойынша тексеру жүріп жатыр.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*

## ЖЫЛ СОҢЫНДА АШЫЛАДЫ

**Қарағанды вокзалында ауқымды қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Күрделі жөндеуден кейін ғимарат кең әрі қолайлы болады және бұл ретте бастапқы бейнесі сақталады. Жұмысты Қазақстан темір жолының өкілдері мұқият қадағалап отыр.**

– Біз үшін басты міндет – ғимараттың тарихи бейнесін сақтау. Сонымен бірге вокзалды заманауи нормалар мен талаптарға сәйкес жасау. Сыртқы қаптамасымен қиындықтар туындаған жоқ. Сәулетшілер қойылған міндетті орындауға мүмкіндік беретін материалдар мен элементтерді іріктей алды. Ғимараттың ішін қайта құру күрделі болды. Өткізу қабілетін ұлғайту үшін, сонымен бірге лаңкестікке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды ескеру үшін бізге жапсарлас құрылысты қосуға тура келді. Алайда, қарағандылықтарға бұл жөнінде алаңдау қажет емес, себебі вокзал сыртынан жөндеуге дейінгі түрімен барынша ұқсас болады, – деді «Қазақстан темір жолы» АҚ құрылыс жөніндегі директордың кеңесшісі, техникалық сарапшы Елубай Орымбаев.

Жобаны әзірлеушілер барлық детальдарды ескеруге тырысты. Алайда, жұмыс барысында аздап өзгерту енгізуге тура келген. Жабын арқалықтары жарамсыз екені анықталды және оларды толығымен ауыстыру керек болған. Перронда су жаңбырдан және қар жауғаннан кейін жертөледе жиналмас үшін қосымша нөсер кәрізін жабдықтауға тура келді. Сонымен бірге ғимаратта кәріз бен барлық электр желілері ауыстырылды.

– Бұл қосымша шығынды талап етпеді. Барлық жұмыстарды ғимарат қайта құрудан кейін көп жыл қызмет ететіндей барынша сапалы жасауға тырысамыз. Кейбір детальдарды басқа вокзалдарды қайта құру тәжірибесіне қарап ескереміз. Мысалы, Нұр-Сұлтан ескі вокзалында жерасты конкорсты өтетін жер орнатылғанда ондағы эскалаторлар тек -10 градус Цельсий температураға дейін жұмыс істей алатыны анықталды. Өтетін жерлерді жылытуға және қосымша жөндеуге шығындалуға тура келді. Қарағанды вокзалында жобада өтетін жердің жылытылуы бірден қарастырылды, – деп түсіндірді сарапшы.

Оның айтуынша, вокзалды қайта құру бойынша жұмыс сапасы үнемі қадағалануда. Жобаға сәйкес, күрделі жөндеуден соң оның өткізу қуаты екі есе ұлғайтылады. Ғимаратта ана мен бала бөлмелері және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған жеке әжетханаларымен демалыс бөлмелері ашылады. Вокзал эскалаторлармен және лифттермен жабдықталады, онда заманауи буфет салынады. Теміржол жолдарына шығу қолайлы болады – оған жабық жерүсті өткелі бойынша өтуге болады. Жұмысты толығымен аяқтау осы жылдың соңына жоспарлануда.

*Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ*

ЛОГИСТИКА

# БАСТЫ БАҒЫТ – КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАНУ

Қазіргі таңда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басшылығының, қоғамға қарасты тасымалды жоспарлау жөніндегі департаменттің атқарушы директоры Нұржан Келбұғановтың тапсырмасымен темір жол бөлімшелерінде клиентке бағдарлану жұмыстары жандана түсті.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Өткен аптада селекторлық жиналыс барысында сондай тапсырма алған Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің қызметкерлері сервистік қызмет көрсету және клиенттер қажеттілігін қанағаттандыру бойынша жұмыстарды күшейтуге кірісті.

– Осы бағытта бүгінгі таңда біздің бөлімшеде келесідей жүйелі жұмыстар жүргізу жоспарлануда. Атап айтқанда, клиенттердің қажеттіліктері мен сұраныстарын, өтініштерін зерттеу, олардың қызығушылықтары мен ұсыныстарын қанағаттандыру, техникалық қолдау көрсетіп, консультация беру және сервистік жұмыстар мен ұйымдасқан қызметімізді көрсету, – дейді Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітов.

> **БӨЛІМШЕ ДИРЕКТОРЫ НӘЖІМЕДЕН ҒҰБАШЕВТІҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН КЛИЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫСТАРДЫ ЖАНДАНДЫРУ БОЙЫНША ӨТКЕН ЖИНАЛЫСТА КӘСІПОРЫН ИЕЛЕРІНІҢ АЙТҚАН ҰСЫНЫСТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ ЖӘНЕ КІРЕБЕРІСТЕРГЕ ВАГОНДАРДЫ ӨЗ УАҚЫТЫНДА БЕРУ ЖӘНЕ ЖИНАУҒА БАҚЫЛАУ ҚОЮ, ВАГОНДАР ЖЕТКІЗІЛІМІ МЕРЗІМІН САҚТАУ, ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕ БЮРОКРАТИЯҒА ЖОЛ БЕРМЕУ, ҚАҒАЗСЫЗ ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІП, КЕҢЕС БЕРУ ЖӨНІНДЕ НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ.**

Бүгінгі таңда филиалдың өндірістік қызметі жандана түсті. Клиенттердің сұранымы мен ұсыныстарын қабылдау бойынша бөлімше кезекшісі, «Қазтеміртранс» АҚ диспетчерінің, АСУ ДКР және ЛОИС инженерінің телефондары берілді.

Бөлімше қызметкерлері осы бағыттағы жұмыстарын ең ірі клиенттердің бірі «Каспий-Цемент» зауытының талаптарын зерттеуден бастады. Шетпе станциясында орналасқан аталған кәсіпорын басшылығымен бірнеше сауалнама қоя отырып, әңгіме жүргізілді. Бұл сұрақтар темір жол көлігі қызметін пайдаланатын клиенттердің сұраныстарын анықтауға арналған. Бөлімшенің логистика бөлімінің бастығы Ақан Әшімханов кәсіпорын туралы жалпы мәліметтерді сұрай келе, олардың теміржолға қатысты ұсыныстарын білді. Вагондар жеткізу мерзімі азайтылып, бос вагондарды қайтару жылдамдатылса, жүк тиеу үшін кіреберіс жолға берер кезде вагондардың техникалық тексерілу сапасын жақсартса деген өтініш айтылған. Сонымен қатар ұсыным ретінде вагондар бойынша бизнес жүргізу ережелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, вахтада жұмыс істейтіндердің жайлы барып-келуі үшін Маңғыстау өңіріне «Тұлпар-Тальго» жолаушылар пойызын жүргізуді айтты. Теміржолмен байланысты қиындықтарына келсек, олар бұрын Шетпе станциясында түнгі ауысымда жүк қабылдап, жөнелтушілер болмауы мәселесі қазіргі таңда ол толықтай шешілгенін жеткізді. «Бізбен бірлескен жұмыстағы сіздердің жеткен жетістіктеріңіз қандай?» деген сауалға кәсіпорын иелері Шетпеде ЭЦ постының қайта салынып, бұрмалар мен белгілерді микропроцессорлық орталықтан басқару жүйесі жабдықтарымен бірге пайдалануға берілуі және станцияда теміржол үстінен салынған жолаушылар көпірінің қайта салынып, пайдалануға берілуі деп жауап берген. Теміржол саласының басшылары аталған кәсіпорынның ұсыныстілектерін ескере отырып, алдағы уақытта жаңа бағытта жұмыстар жүргізілетініне сендірді.

ҚОРЫТЫНДЫ

# ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ТАБЫС

Өндірістік аймақ саналатын Атырау өңірінің қарқынды еңбек үрдісі теміржолдағы жүк тасымалына оң ықпал етіп келеді. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша биылғы жылдың алты айында техникалық жоспарға сай негізгі 14 көрсеткіш 100 пайыздан аса орындалған.



**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
*Атырау*

Яғни, пайдаланым жүк айналымы 4699,9 млн.т-кмнеттоболып, 102,5%-ды құрады. Жүк тиеу көлемі 5134,3 мың тонна болып, орындалуы 103,8 пайыз болды. Пайдаланым жүк айналымымен қоса, жұмыс вагонының айналымы 104,3, жергілікті вагон айналымы 98,9, ал жүк вагонының өнімділігі 105,3%, вагонның орташа тәуліктік жүрісі 103,6%, вагонның статистикалық салмағы 100%, пойыздың орташа салмағы 3965 тонна брутто, яғни 101,3 болып, аймақта жүк тасымалы көлемінің жарты жылда жоғарылағанын көрсетті. Локомотив жүрісі – 103,7%, пойыздың учаскелік жылдамдығы – 102,3%, пойыздар қозғалысының техникалық жылдамдығы – 101,3%, вагонның бір жүк операциясына тұруы 131,4% болып орындалды. Соған қарап, өңірде тасымал тасқыны жоғары екенін байқау қиын емес.

Ал енді директорлар кеңесі жоспары бойынша қарасақ, пайдаланым жүк айналымы 4699,9 млн.т-кмнетто болып, 102,8 %-ды құрады. Жүк тиеу көлемі 5134,3 мың тонна болып, орындалуы 104 пайыз болды, сол секілді негізгі басқа көрсеткіштер де жоғары. СД бойынша 1 көрсеткіш сәл кем түскен, ол бір техникалық станцияда вагон тұруының орташа ұзақтығы 95,2 пайыз болып, 4,8 пайызға төмендеген. Ал техникалық жоспар бойынша жергілікті жүк вагонының орташа уақыт айналымы 0,01 тәулікке немесе 1,1%-ға төмендесе, жүк вагонының орташа тәуліктік жүрісі 3 шақырымға кеміген немесе 1%.

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің техникалық бөлім бастығы Темірхан Аманқұловтың айтуынша, жергілікті вагон айналымының кем болуы вагондардың кеш келіп, жүк түсірудің баяу жүргізілгендігінен, Теңдік станциясына бағытталған тасталған бос вагондардың саны өсуінен болған. 6 айда барлығы 2515 вагон 102442 сағатқа тасталған, олардың орташа тұруы 40,7 сағатты құраған. Оған Теңдік станциясымен қосылатын «РТИ-АНПЗ» ЖШС-ның пойыз қабылдайтын кірме жолдарының бос болмауы, сонымен қатар Мақат, Махамбет, Сағыз станциялары бойынша транзит вагондардың тұрып қалуы себеп болған.

Жергілікті вагон айналымының төмендеуіне вагон жүгін баяу түсіру, кірме жолдардың алыстығы, локомотивтерді күтіп қалу, жүк түсіретін алқаптың бос болмауы, кедендік рәсімдерді күту, құжат айналымы, келісім-шарт жасақтау сынды себептерден вагон айналымына әсер еткен. Онда «Теңізшевройл», «Шанхай Конструкш» ЖШС, «Стар», «Халелов» ЖК, «ТНС», «Карат», «Рауан Налко», «Нуржол транс» ЖШС жүктері болған. Екінші мәселе – вагондардың орташа тәуліктік жүрісі. Бес айда бұл көрсеткіш 100,7%-ды құраған. 6-шы айда көрсеткіштің төмендеуіне тиелген вагондарды қабылдаудың кемуі, вагондардың жұмыс паркінің артып кетуі, жалпы вагондар жүрісінің вагон-шақырымы кемуі, т.б. себептер әсер еткен. Ал қалған жоспар түгел орындалды. Жалпы, өңірдегі тасымал тасқыны жарты жылда жақсы деңгейде келе жатыр. Вагонның статистикалық салмағы 54,15 тн-вагон болып, 100 пайызды құрады. Жүк вагонының орташа салмағы 3965 тонна брутто немесе 101,3%. Мұнайлы өңір теміржолшылары алғашқы жартыжылдық табысын осылай қорытындылап отыр.

*Суретті түсірген автор*

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

# ЖЕТІСТІКТЕ ДЕ КЕМШІЛІК БАР

Үстіміздегі жылдың бес айында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ бойынша пайдаланымдағы жүк айналымының жоспары 103,1%-ке орындалған, бұл көрсеткіш өткен жыл деңгейінен 0,6% артық.

**Сұлугүл БАКЕСОВА**



Жоспарлы жүк тиелімі 1,8% асыра орындалғанымен, өткен жыл деңгейінен төмен болыпты. Осы ретте, экспортқа тиелген жүк номенклатурасының, атап айтқанда, көмірдің 13%, темір кенінің 18%, түсті металдардың 15%, химикаттардың 16% және тыңайтқыштардың 12% өскені байқалады.

Бұл туралы Ақмола жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Астана локомотив пайдалану деposының Атбасар айналым депосында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Сәуірбаевтың жетекшілігімен өткен тораптық жиында мәлім болды. Сонымен қатар тартымдық жыл-жымалы құрамды тиімді пайдалану нәтижесінде пайдалану қызметінің барлық көрсеткіштері дерлік жақсартылған. Мәселен, локомотив өнімділігі – 104, вагондар өнімділігі – 105,3, локомотив пен вагонның орташа жүрісі – 103,5, вагон айналымы – 104,3, пойыз салмағы – 102,3, телімдік жылдамдық – 101,6, техжылдамдық 101%-ке артық орындалған. Мамандар сөзіне қарағанда, биыл вагондардың профициті байқалуда.

Жиында пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету күн тәртібінде көтерілген мәселенің бірі болды. Бұл бағыттағы жағдай көңіл көншітерлік емес екен. Олай дейтініміз, өткен бес ай және маусымның 20 күні ішіндегі дерекке жүгінсек, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзған 58 оқиға болып, өткен жылға қарағанда 22 бірлікке артқан. Осы ретте, қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтірген жайттардың көбісінің қозғалыс және локомотив шаруашылықтарында болғаны анықталды.

Ақмола өңірінің теміржол мекемелерінің басшылары және қозғалыс қауіпсіздігі саласы мамандары қатысқан маңызды жиында Ақмола бөлімшесінің бес айда атқарған жұмыс қорытындылары да талқыға түсті. Осы ретте, бөлімше теміржолшыларының қозғалыс қауіпсіздігін сақтау жұмысы сынға алынды. Былтырғы бесайлық көрсеткішті табысты аяқтаған ақмолалық теміржолшылар биыл сол деңгейді сақтап қала алмай, қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына бес мәрте жол беріпті. Тіпті «Нұр-Сұлтан» станциясын бір айға ерекше жұмыс режиміне көшіруге шешім де қабылданған екен. Оған себеп «Сарыағаш – Нұр-Сұлтан» бағытындағы №85 жолаушылар пойызының дайын болмаған бағдарда қабылдануы екен. Бұл факт ел өңіріндегі өзге бөлімшелерге сабақ болары кәдік.

Тораптық жиында қозғалыс қауіпсіздігі бойынша жұмысты ұйымдастыруда Атбасар айналым депосы тексеріліп, бірқатар олқылықтардың анықталғаны да айтылды. Әсіресе, торап қызметкерлерінің станцияның ТРА құжатына қатысты білімдерінің әлсіздеу екені байқалған. Сондай-ақ, ай сайын өтетін комиссиялық байқау барысында бағыттағыш бұрмалардың барлығы тексерілмегені белгілі болған. Бұл жиында машинистердің Ескерту кітабындағы жазбаларына да ерекше көңіл бөлінді. Биыл бес айда машинистер тарапынан 294 ескерту қалдырылыпты, ал былтыр бұл уақытта ескерту саны 415 құраған екен. Демек, жақсы ілгерілеу бар. Сонымен қатар күн тәртібінде аталған бөлімше бойынша контейнерлік пойыздардың жүрісін қамтамасыз ету, дизельдік отын мен электр энергиясын үнемдеу сияқты мәселелерге кезек беріліп, бұл бағытта атқарылып жатқан шаруалар сараланды.

Сондай-ақ, жұмыс тәртібіндегі кейбір мәселе сол мезетте басшылықтың нұсқауымен шешімін тауып жатты. Жиын хаттамасы қабылданып, құжатта қарастырылған барлық мәселенің орындалуы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басшылығы тарапынан бақылауда ұсталатыны белгілі болды.

*Суретті түсірген автор*

АКТУАЛЬНО

# РАВНОМЕРНОСТЬ ПОГРУЗКИ – ЗАЛОГ УСПЕШНЫХ ПЕРЕВОЗОК

В акимате Костанайской области по инициативе АО «НК «Қазақстан темір жолы» состоялось совещание с участием представителей областных управлений и ведомств, руководителей транспортных компаний, сельхозпредприятий, зернопроизводителей и трейдеров региона.

**Аслан КУДАБАЕВ,**
*Костанай*



Открывая совещание, заместитель акима Костанайской области Сергей Карплюк отметил, что ежегодно руководство компании «ҚТЖ» инициирует подобные встречи, заранее готовясь к горячему периоду отгрузки зерна из региона в стремлении согласовать с грузоотправителями области и всеми причастными службами все возникающие вопросы.

– Нам всем необходимо до начала уборки и отгрузки урожая обсудить, как правильно выстроить взаимодействие по логистике в самый горячий сезон года. Здесь ежегодно возникают одни и те же проблемы, и их нужно решить, – подчеркнул Сергей Карплюк

В свою очередь, исполнительный директор АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Нуржан Кельбуганов отметил, что с каждым годом растут объемы перевозок зерна, в том числе на экспорт.

– Согласованные и скоординированные действия всех участников перевозочного процесса позволят не снижать оборот вагонов в пиковые периоды, – сказал он. – Из-за потери оборота вагонов произойдет потеря темпа погрузки. Нужно так выстроить нашу совместную работу, чтобы отгрузка велась равномерно. А то на деле зачастую до 5 числа каждого месяца от грузоотправителей не поступает заявок, а затем в последней декаде месяца начинается ажиотажный спрос на вагоны. Очень важно обеспечивать равномерность отгрузки.

По его словам, все проблемные вопросы решаются оперативно. Железнодорожники работают в круглосуточном режиме, чтобы обеспечить оперативный прием и оформление груза к перевозке. Для эффективной работы и своевременной подачи, уборки вагонов в Костанайском отделении задействовано 87 магистральных и маневровых локомотивов.

Нуржан Кельбуганов предложил рассмотреть возможность работы элеваторов в выходные и праздничные дни. А также высказал предложение объединять маршруты. Например, сегодня один грузоотправитель дает заявку на 15 вагонов, завтра другой на 20, а третий – еще на 15 на следующие сутки, при этом все вагоны отправляются в одно направление. Эти заявки можно объединить и сразу сформировать в один день одним маршрутом, что значительно сэкономит время и ускорит скорость доставки и оборот вагонов.

В свою очередь заместитель генерального директора АО «Қазтеміртранс» Виктор Федотов заявил, что компания располагает 8 тысячами крытых вагонов, которые готовы обеспечить потребность в полной мере.

– Со своей стороны просим вас заранее планировать погрузку. Нас спасет ритмичность, планирование. Мы, в свою очередь, готовы работать, обеспечивать вас парком, по фиксированной цене и без ажиотажа, – обратился он к грузоотправителям.

Представители АО «KTZ Express», АО «Астық Транс» также заявили о своей ориентированности на клиента и отметили важность контейнерных перевозок, за которыми будущее.

– И контейнерные перевозки, и в целом логистика – это наука будущего, – сказал в своем выступлении директор филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Вячеслав Миронов. – И в ней важно сотрудничество и взаимодействие всех сторон перевозочного процесса. Для этого мы приглашаем грузоотправителей принимать активное участие в совещаниях, на которых обсуждаем рабочие вопросы.

В ходе совещания озвучены причины роста оборота и простоя вагонов на станционных и подъездных путях. Простои под грузовыми операциями происходят из-за отсутствия весов на погрузочных фронтах, элеваторах, недостаточного количества продукции и последующего ее подвоза для погрузки.

Немало нареканий и к состоянию частных подъездных путей. За 6 месяцев 2019 года здесь произошло 8 сходов вагонов из-за неудовлетворительного содержания верхнего строения пути.

– Мы работаем с ветвевладельцами, обращаем их внимание на необходимость модернизации и технического оснащения подъездных путей, – отметил Вячеслав Миронов.

На встрече железнодорожники предложили грузоотправителям рассмотреть перевозку зерновых культур, продуктов перемола в контейнерах, что позволит ускорить доставку и работать по принципу от «двери к двери». За 6 месяцев 2019 года в Костанайском отделении погружено зерновыми культурами 144 контейнера, продуктами перемола – 39.

По итогам совещания рекомендовано элеваторам и ХПП организовать круглосуточную погрузку, грузоотправителям – ужесточить контроль за оборотом вагонов, организовать отправительские маршруты с мест погрузки, что гарантирует ускорение доставки и снижение оборота подвижного состава и, как следствие, наличие порожних вагонов, обеспечение заявок в полном объеме.

*Фото из архива*

ЛОГИСТИКА

# НЕМЕЦКИЕ ПАРТНЕРЫ В ЛОГИСТИКЕ

Основы современной логистики обсудили в ходе семинара, организованного в столице Союзом транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» совместно с Учебным центром Саксонской экономики.



**Любовь РОВБА**

Проект финансируется Федеральным министерством экономического сотрудничества и развития Германии через некоммерческую организацию Sequa gGmbH. С немецкой стороны партнером является Учебный центр Саксонской экономики, в Казахстане – Национальная палата предпринимателей РК «Атамекен».

В мероприятии приняли участие порядка 30 сотрудников логистических предприятий, складов и представителей отраслевых ассоциаций.

Директор филиала Nagel Grupp в Кельне (Германия) Тобас Фабиан, выступая в качестве эксперта, затронул вопросы классификации грузов и складов, организации логистики – стратегии размещения мест для хранения, приемки, укладки, разгрузки товаров, безопасности, инвентаризации и контроллинга, мотивации сотрудников и менеджмента качества.

– Менеджмент качества базируется на анализе процесса и состоит из планирования, повышения и гарантии качества текущей системы управления, – подчеркнул он. – От слаженной работы всех звеньев этой цепи зависит конечный результат и успех предприятия.

По окончании семинара участникам вручили сертификаты.

*Фото автора*

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

# ГЛАВНАЯ ЦЕЛЬ – БЕЗОПАСНОСТЬ

По итогам первого полугодия на территории Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок, Семейского отделения магистральной сети в Восточном регионе допущены четыре нарушения безопасности движения против пяти случаев за аналогичный период прошлого года. Казалось бы, мелочь. Но она стоит большого труда как самих работников служб, структурных подразделений, так и ревизорского аппарата по безопасности движения Восточно-Казахстанского участка.

**Ольга УШАКОВА,**
*Усть-Каменогорск*

За первое полугодие 2019 года проведено 278 проверок, из них 62 внезапные, 197 целевых, контрольных плановых проверок, 19 ночных. При этом выявлено 1818 замечаний.

– По отсутствию нормативно-технической документации выявлено 10 замечаний, ведению нормативных документов – 83, несоблюдению технологических процессов – 827, отсутствию аттестации у персонала – 3, по содержанию технических средств и подвижного состава – 895, – перечислил главный региональный ревизор по безопасности движения департамента безопасности Восточно-Казахстанского участка Айдын Огузбаев. – Для устранения нарушений мы приняли 164 запретные меры.

От эксплуатации были отставлены пять локомотивов, 33 грузовых вагона, закрыт 21 станционный путь, один из которых – главный. Также были закрыты шесть приемоотправочных путей, 14 тракционных, 41 стрелочный перевод, главных из которых – 4, приемоотправочных – 17, прочих – 20. Также ревизоры применили 50 ограничений скорости на 50 километрах пути. Аппарат РБ использовал и другие запретные меры для устранения нарушений безопасности движения поездов.

Тем временем проблемами в путевом хозяйстве региона остаются нехватка материалов верхнего строения пути (шпал, брусьев, стрелочных брусьев, костылей, подкладок) их несвоевременное поступление, а также нехватка кадров.

По данным отраслевого ревизора по вагонному хозяйству Нуржана Асанова, в вагонном хозяйстве довольно остро стоит вопрос по поставкам колесных пар грузовых вагонов, также необходимы детали тормозного оборудования, лайки тормозных рычажных передач, чеки тормозных колодок, детали автосцепок, метизы – болтогаечные изделия для крепления узлов, деталей. Из-за отсутствия оборота колесных пар грузовых вагонов в вагонном хозяйстве затягиваются



сроки ремонта. Кроме того, есть неукомплектованность штатов по всем службам, структурным подразделениям Восточно-Казахстанского участка.

Тем не менее, в этом году по вине работников железной дороги не было допущено сходов подвижного состава, хотя в первом полугодии 2018-го произошел один такой случай по вине путевого хозяйства. Усилиями ревизорского аппарата выявляются нарушения на железной дороге, так называемые «узкие» места, которые могут стать причинами серьезных нарушений безопасности движения. По предписаниям ревизоров эти недочеты, ошибки, нарушения на железнодорожных предприятиях исправляются.

*Фото автора*

НОВОСТИ

## РАБОТАТЬ ПО-НОВОМУ

**С 15 июля нынешнего года будет изменено льготное время простоя вагонов АО «Қазтеміртранс» под грузовыми операциями на подъездных путях в момент погрузки или выгрузки.**

Так, на полувагоны установлено 24 часа бесплатного времени, по истечении которых до 48 часов будет взиматься по 380 тенге за час без НДС, а после 48 часов – 760 тенге за час без НДС.

На крытые вагоны и универсальные платформы предусмотрено 48 часов льготного времени, по истечении 48 часов до 96 часов – по 380 тенге в час без НДС, после 96 часов – 760 тенге в час без НДС.

Сбор оператора будет взыскиваться через ЕЛС грузоотправителя, грузополучателя либо ветвевладельца. Для оплаты сбора оператора в автоматическом режиме через товарную кассу клиентам необходимо заключить соответствующий договор.

Стоит отметить, что с 5 июля при оформлении перевозок в АСУ ДКР на услуги оператора вагонов во внутриреспубликанском сообщении действуют обновленные тарифы. Такое решение принято АО «Қазтеміртранс» в связи с изменением стоимости услуг локомотивной тяги. Кроме того, в целях увеличения конкурентоспособности вагонов АО «Қазтеміртранс» при перевозках зерна и зерновых культур в полувагонах «с крышками» добавлены тарифные условия для этого вида груза как отдельной категории.

Получить информацию по ставкам оператора клиенты могут, обратившись в региональные филиалы АО «Қазтеміртранс». При перевозках в экспортном сообщении необходимо направить запрос на расчет тарифов на адрес электронной почты tarif@kaztt.kz.

*Роман ЛЮБИМОВ*

## ДИНАМИКА РОСТА



**На 103,4 процента перевыполнили план погрузки в Костанайском отделении грузовых перевозок по итогам шести месяцев текущего года.**

По словам заместителя директора по логистике Костанайского отделения ГП Ердена Аманова, при плане на полугодие 220300 вагонов за истекший период погружено 225363 вагона.

То есть в итоге погружено выше заданного плана 413 тысяч тонн. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года погрузка также возросла на 31,7 тысячи тонн. Перевыполнены планы по такой основной номенклатуре, как руда железная – на 103,7% (при плане 8221,8 тысячи тонн погружено 307 тысяч тонн); руда цветная – на 102,6% (при плане 3610,3 тысячи тонн погружено выше плана на 93 тысячи тонн); зерно на – 109,2% (при плане 1462,6 тысячи тонн погружено 23772 вагонов, что выше плана на 135 тысяч тонн).

Перевыполненным оказался план погрузки и по итогам последнего месяца июня. Погрузка выполнена на 101,1%. В среднем в сутки отгружалось 1323 вагона, в итоге погружено выше плана 266 вагонов.

– Больше всего в июне нам удалось увеличить погрузку по таким номенклатурам, как руда цветная, – говорит Ерден Аманов. – Здесь при плане погрузки на месяц 617,7 тысячи тонн погружено 657,6 тысячи. Также по продуктам перемола – на 108%. Погружен выше плана 91 вагон (4,8 тыс. тонн).

*Малик АСЛАНОВ, Костанай*
*Фото автора*

# ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ В НОВОМ ФОРМАТЕ



*(Окончание. Начало на 1 стр.)*

Подробную информацию о состоянии безопасности движения можно получить в одноименном разделе.

– Здесь размещены квартальные отчеты о состоянии безопасности движения поездов с указанием допущенных нарушений, их динамикой за последние пять лет, типами и причинами происшествий, а также рейтинг среди регионов. Мы добиваемся, чтобы все было прозрачно – чтобы любой работник мог получить полную информацию по компании, в том числе о том, как работают ревизоры, сколько запретных мер принято, статистику и риски, – подчеркнул Мурат Мусин.

В разделе «Проекты научно-технической документации» можно ознакомиться с перечнем разрабатываемых в настоящий момент документов и, как уже отмечалось выше, внести свои предложения по их совершенствованию.

Раздел «Культура безопасности» имеет прикладной характер. Он включает в себя 7 основных правил улучшения состояния безопасности движения и повышения уровня культуры с подробными пояснениями, а также информацию о самом понятии «культура безопасности», причинно-следственную оценку факторов риска, тезисы Закона РК о железнодорожном транспорте.

– Мы попытались в доступной форме донести до каждого сотрудника необходимость осознания своей важности и социальной ответственности в обеспечении безопасности, – отметил Мурат Мусин.

**ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ**

Управляющий директор по безопасности АО «НК «ҚТЖ» отмечает растущий интерес к порталу с первых дней запуска.

– Мы стимулируем людей читать, узнавать для себя что-то новое и уже видим результаты, – поделился он.

Недавно на этой платформе запустили анонимное анкетирование по культуре безопасности, в котором приняло участие более 60% от числа всех работников компании.

– Это большой масштаб, который говорит о том, что портал начал продуктивно работать. Данные, полученные в ходе анкетирования, будут обрабатываться. После чего мы разработаем корректирующие меры для повышения культуры безопасности, а сам анализ результатов выложим на портал, – сообщил Марат Шакенов.

Он отметил, что безопасность движения по-прежнему остается стратегическим направлением деятельности всего коллектива АО «НК «ҚТЖ», поэтому работа по совершенствованию способов ее обеспечения будет продолжена.

СЫН САҒАТТА

# БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Қазір Арыс қаласында жағдай қалыпты. Жарылыстан үйлері қирап, есік-терезелері сынған тұрғындардың баспанасына жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, әрбір тұрғынға 100 мың теңгеден материалдық көмек пен азық-түлік үлестірілді. Балалар мен ардагерлерді сауықтыру лагеріне жөнелтіп жатыр. Арасында теміржолшылардың балалары да бар. Біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз кешегі сын сағатта ерлікке пара-пар іс жасаған теміржолшылар болмақ.



**Жан ПЕРДЕБЕК,**
*Арыс-Шымкент*

Еске сала кетсек, Арыс қаласындағы 24 маусым күні болған жарылыс жергілікті тұрғындарды есеңгіретіп тастады. Салдарынан қала халқы жан-жаққа бытырай қашып, ана баладан, бала анасынан көз жазып қалған болатын. Кейбір үйлерге, дүкендерге, тойханаларға, т.б. түрлі нысандарға әскери қоймадан атқылаған жарылғыш заттар ұшып келіп, тас-талқанын шығарып, қиратып кетті. Оның зардабы Арыс қаласындағы темір жол станциясына да айтарлықтай зиянын тигізді.

Қазір Арыс станциясында пойыздар қозғалысы толық іске қосылды. Біз бүгін сол оқиға болған күні станцияда болған, жұмыс орнынан кетпестен өрт шалған вагондар мен контейнерлерді өшіріп, қоғам мүлкін қарлығаштың қанатындай болса да су сеуіп, қорғап қалуға атсалысқан екі теміржолшы туралы сөз етпекпіз. Олар – Арыс станциясының пойыз құрастырушылары Төрехан Тоқсейітов пен Ерғазы Нарымбетов.

Бұл екі теміржолшының жасаған еңбегін әріптестері бейбіт күндегі ерлікке балап отыр. Олар қалада болып жатқан жарылысқа қарамастан жұмыс орындарын тастап кетпестен өз міндеттерін соңына дейін адал атқарған. Алдымен пойыз құрастырушы Төрехан Тұрсынханұлын әңгімеге тартып, жарылыс кезінде не болғанын басынан бастап айтып беруін өтіндік.

– Таңертең сағат тоғызда жұмысқа келіп, ауысымды қабылдап алдық. Тоғыздан аса әбігер басталды. Бізге жарылыс басталмай тұрып өрт сөндіру пойызын апаруға команда берілді. Мен өрт сөндіру пойызына барып орнынан алып шықтым. Пойызды 1-ші Арыстан 2-ші Арыстағы әскери бөлімге жеткізуіміз керек болды. Алайда осы кезде жарылыс басталып, салдарынан сигнал, бағдаршамдар істен шығып, пойыз жарты жолда тұрып қалды. Кезекшімен де хабарласа алмай қалдық. Дереу станция бастығының міндетін уақытша атқарушы Эдуард Дербісовке хабарластым. Оған бізге осындай пәрмен берілгенін, бірақ пойызды жеткізе алмай қалғанымды айтып, ары қарай не істеу керегін сұрадым. Ол кісі бізге «техконтораның астында бомбадан паналайтын орын бар, сол жерге барып жасырына тұрыңдар, бірақ байланыста болыңдар» деп бұйрық берді. Сол жерге барып жасырындық, бізден басқа да біраз адамдар болды. Осы кезде солтүстік жақтан келе жатқан жүк құрамы станцияға кіреберіс жолда тоқтап қалғаны туралы хабар жетті. Қасымда кезекші Талғат Мархабатов, Ерғазы Нарымбетов, пойыз тапсырушы Дәулет Құлтасов, тағы бір көмекшім бар – бәріміз сол жерге бардық. Талғат Мархабатов бізге «Эдуард Дербісов команда беріп жатыр, солтүстіктен состав келе жатыр деді. Сол жүк пойызы кіріс бағдаршамға келіп тоқтап қалған екен. Бағдаршам істемей қалғандықтан ары қарай жүруге рұқсат жоқ. Кезекшіге хабарласайын десе, рация алмаған. Сол вагон жанып жатыр деген қауесет естіп, бізге барып алып келіңдер деді» деп станция басшысының бұйрығын жеткізді.





Сыртта снарядтар түсіп, жарылыс болып жатыр. Жұрттың бәрі қашып жертөлені паналаған. Бағдаршам істемейді, составты жүргізе алмаймыз. Осындай қысылтаяң жағдайға қарамастан біз бағдаршамдарды қолмен бұрап іске қостық. Қасымда ТЧЭ-38 машинисі Мұрат Төлебаев пен оның көмекшісі Бекзат Ахмедов болды. Солтүстіктен кіріп келген пойызды Түркістанның Айбек Раджапов деген машинисі жүргізіп келген болатын. Сол және механик Құрал деген кісімен бесеуміз шығып тепловозды оталдырып, алып шықтық. Жолшыбай бағыттама бұрманың бәрін қолмен туралап бардық. Составтың қалып кеткен жері әскери бөлімге өте жақын орналасқан еді.

Ерғазы Нарымбетов Дербісовтің составқа апарып келетін жолды босатып, дайындаңдар деп тапсырғанын айтты. Составқа барып тіркелдік, қасына снарядтар түскендіктен, жанындағы шөптер лаулап өртеніп жатыр екен. Ал ол составтың ішінде не жоқ дейсіз. Он вагон бензин, тағы басқа түрлі қауіпті жүктер тиелген. Бір қуанғанымыз, барсақ вагондар аман екен, өрт енді ғана басталыпты. Составқа тіркелген соң түркістандық машинист тепловозға кіріп оталдырды. Астында тұрған тежегіштік табандықтың бәрін алып тастадық. Дәл сол кезде составтың жанына снаряд түсіп атылды. Жаңағы жанып жатқан от одан сайын күшейе түсті. Мен тез арада команда беріп, напарнигіме хабарластым да, составты 31-ші бос жолға апарып кіргіздік. Вагонды қабылдау паркіне қауіпсіз жерге жеткіздік. Артынша 32-ші жолдың орта жағында контейнер-вагон жанып жатыр деген хабар түсті. Сонымен бұрмаларды қолмен бұрап, тепловозды 32-ші жолға кіргіздік. Себебі, басқа вагондар зиян шекпеу керек. Вагондағы өртті өшіруге осы кезде Эдуард Дербісов, оның орынбасары Құрманғазы Нарымбетов көмекке келіп, барлығымыз жабылып жүріп, сумен өшірдік. Сөйтіп жатқан кезде жақындау жерге снаряд түсті. Жарылған дауыс естілсе жатып қаламыз да, қайтып орнымыздан тұрып, жұмысымызды істей береміз. Снарядтар 50-60, 100 метр жерге түсіп жатыр. Ысылдаған дауысына үйреніп те қалдық. Сондай жағдайлар болды. Қысқасы, біз станцияның қабылдау паркінде сағат тоғыздан кешкі беске дейін осылай жұмыс істедік, – деп әңгімелеп берді пойыз құрастырушы Төрехан Тоқсейітов.

Теміржолшылар отпен алысып жүріп, жүк вагондарын аман алып қаламын дегенше, түс тарқайды. Станция басшысының міндетін уақытша атқарушы Эдуард Дербісов: «Болды, хабар келді. Қаладан адамдардың бәрі шығып жатыр, Арыста эвакуация, тастаңдар, кеттік» деп теміржолшыларды станция басына бастап келіп, сол жерде жертөледе отырған барлық халық арнайы жіберілген автобустарға отырып, қалаға жөнелтіледі.

Төрехан Тұрсынханұлының айтуынша, теміржолшылар да жартылай әскерилер сияқты бұйрыққа бағынып жұмыс істейді. Сол себепті, теміржолды тастап кете алмадық дейді. «Қал» десе қаламыз, «мынаны істе» десе істейміз. Бізге басшылар «болды, тастаңдар» деп айтқан кезге дейін жұмыс істейміз, біздің міндетіміз сондай. Түскісін отбасыма бір рет хабарласқанымда, елмен бірге қырға қарай қашып бара жатқанын айтты. Аман болсаңдар болды, жұмысты тастап кете алмаймыз дедім. Бізге сөйтіп сағат бестер шамасында «отбой» берді. Бәріміз теміржолдан шықтық. Сосын эвакуациямен бізді Шымкентке алып кетті», – дейді.

Жарылыс болған күні жұмыста болып, апат салдарымен соңына дейін күрескен бес адам – бес теміржолшының қай-қайсысын да бейбіт күннің батырлары деп айтуға әбден болады. Жан-жақтан атылып жатқан снарядтарға қарамастан, өмірлерін қатерге тіксе де, теміржолдың амандығын бірінші орынға қойып, кәсіптеріне адалдығын танытқан қарапайым теміржолшылар, керек кезде көзсіз ерлік жасай алатынын көрсетті. «Апат айтып келмейді» деген осы шығар.

«Жарылыстан қорқып, қашып кеткендер де болды. Бірақ біз жауапты едік, қанша вагон жүк, мүлік бар, стратегиялық объектіні қорғау керектігі санамызда жатталып қалған, қашу ойда да болған жоқ. Теміржолды жанып жатқан оттан қорғап, жүк құрамдарын аман алып қалсақ деп қана жанталастық. Басқа ештеңе ойлап үлгергеніміз жоқ. Жан-жақтан ысылдап атылып жатқан, бұрқ етіп жарылып жатқан снарядтар жарықшағына да бойымыз үйреніп, келе-келе батыл қимылдадық», – дейді Т.Тұрсынханұлы.

Ал пойыз құрастырушы Ерғазы Нарымбетов бастықтың өзі де осында болғаннан кейін, соның командасымен жұмыс істегенін айтады.

«Бізге команда түсті, өз міндетімізді атқардық. Жұмыста таңғы сағат 9-дан кешкі беске дейін жүрдік. Өртенген, қауіп төнген вагондарды қауіпсіз аймаққа көшірдік», – дейді жас теміржолшы.

Ол снарядтардың бірінші рет жарылып жатпағанын, мұның алдында 2009 жылы наурыз айында да жарылғанын айта кетті. «Сол кезде де бір рет үлкен «грибок» сияқты жарылыс болды. Осы жолы қатты болды және сағат төрт жарымдарға дейін тоқтаусыз жарылды», – деді оқиғаны еске алып.

Ол кезде де адамдар қаланы тастап қашқан екен. Алайда жарылыс өзінен өзі сөніпті. Ерғазының айтуынша, ол кезде де теміржолшылар ешқайда дүрлігіп қашпастан жұмыс орындарында болған.

Жалпы, әскери қоймадағы снарядтар өрт шыққан кезде қызып кеткендіктен, өзінен өзі ұшады екен. Ол қайда бағыт алады, сол түскен жерін өртейді. Өрттің неден шыққанын халыққа әскери құпия болғандықтан айтпайтын шығар, дегенмен табиғи апат дегеннің де жаны бар ма қалай?..

Сонымен, Арыстағы дүрбелең аяқталып, қала халқы тыныштанып, сабасына түсті. Теміржол қоғалысы іске қосылды. Десе де, мемлекеттік маңызы бар нысанның дәл осы әскери қойманың маңына жақын орналасуы көңілге алаңдаушылық ұялатады екен. Қорғаныс министрлігі, облыс пен қала билігі қазіргі таңда жұртты сендіріп, қауіп жоқтығын алға тартуда. Лайым солай болсын. Ал жарылыста зулап ұшқан оқ-дәріден қорықпай, вагондар мен контейнерлерді аман сақтап қалуға барын салған арыстық теміржолшылар ерлігін күллі халық мақтан етуге әбден лайық дер едік.

*Суреттерді түсірген автор*

# СЕКСЕУІЛДІКТЕРДІҢ СЫЙ-ҚҰРМЕТІНЕ АЛҒЫС

Ағымдағы жылдың 24 маусымында Арыс станциясындағы әскери қоймада болған жарылыстың салдарынан пойыздар қозғалысына шектеу қойылып, бекеттен өткізілетін барлық бағыттағы пойыздар тоқтатылғаны баршаға аян. Бірнеше күн бағытын уақытша өзгерткен пойыздардың жолаушыларына Сексеуіл станциясының теміржолшылары тік тұрып қызмет көрсетті.



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда – Сексеуіл*

Діттеген жерлеріне жете алмай, орта жолда қалған жолаушы халық Қызылорда-Сексеуіл-Түркістан бағытындағы қосымша қалааралық пойызымен, автокөліктермен тасымалданды. Бөлімшеге Ақтөбе, Шымкент бағытынан келген жолаушыларға алғашқы күні Қызылорда, Сексеуіл станциясында ас-ауқат берілсе, келесі күндері Шиелі, Қызылорда, Сексеуіл станцияларында оларға жағдай жасау, бағыттарға жөнелту, билетін қайтару жұмыстары жүргізіліп, вокзалдар мен қабылдау пункттері күн-түн демей жұмыс жасады. Жергілікті әкімшіліктен жедел штаб құрылып жұмысқа кірісті. Пойыздар қозғалысы белгіленген кестеге көшкен күнге дейін сексеуілдік теміржолшылар жолаушыларға қолда бар мүмкіндіктерімен көмек көрсетті. «Ағайын осындайда керек» десті риза болған көпшілік.

Жалпы сол күндері сөз көмегін, қол көмегін көрсеткен барша сырбойы теміржолшылары алғысқа лайық, дегенмен ЖТ бөлімшесі директорының міндетін атқарушы Ерлан Айдаров, штаб мүшелері – Қызылорда ЖТ бөлімшесінің бас инженері Күлхан Белкібаев, магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Берік Бекжанов, магистральдық желі бөлімшесі директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Жандарбек Өтегенов, Сексеуіл локомотив пайдалану депосы бастығының локомотив пайдалану жөнінде орынбасары Асылбек Ияров, қауіпсіздік бөлімінің бас маманы Еркебұлан Аяғанов, Сексеуіл станциясының бастығы Сапарғали Салмаев, станция бастығының орынбасары Махамбет Кенжеғараев, Сексеуіл станциясының пойыз қабылдаушысы Асылан Демеуов, Сексеуіл локомотив пайдалану депосының тепловоз машинисі Нұрлан Жұмқанов, цехтық кәсіподақ ұйымының төрағасы, Сексеуіл станциясының парк бойынша кезекшісі Рысқұл Қуатов, Сексеуіл локомотив пайдалану депосының оқыту бойынша машинист-нұсқаушысы Мұхтар Игіліков, Сексеуіл локомотив пайдалану депосының тепловоз машинисі Серік Анесов, «Жолаушылар тасымалы» АҚ «РФ Батыс» Қызылорда өндірістік учаскесінің бастығы Алмас Даутбаев, «NOMADAS» ЖШС басшысының орынбасары Сержан Қазақбаев, «Вагон-сервис» АҚ Қызылорда телімінің басшысы Мамай Дәстенов, Қызылорда теміржол вокзалы бастығы Жарас Қойшығұлов, бөлімшенің шұғыл реттеу бөлімінің басшылары Ринат Тасболатов пен Әзімхан Мырзалиев осы күндері төтенше жағдайда тәулік бойы жұмыс істеп, кәсіби міндетке адалдығы мен адами қайыр-шапағаттың үлгісін көрсете білді.

Қызылорда ЖТ бөлімшесінің солтүстік нүктесіндегі Сексеуіл станциясының теміржолшылары Арыс станциясында орын алған оқыс оқиғаның алғашқы күні 500 жолаушыға, ал жол қатынасы ашылғанша шамамен 5000 жолаушыға көмек көрсетіп, ризашылығын алған екен. Жол азабын тартып, сексеуілдік теміржолшылардың қайырымдылық ниетіне тояттаған жолаушылар түрлі нұсқада алғыс айтуда екен. Қолымызға тиген сондай алғыс хаттың бірінде аттары аталған бірнеше теміржолшыға хабарласып, істің мән-жайына қанығып, жолда қалған жолаушылардың алғысын алған теміржолшыларды қалай дәріптесек те артық болмас еді.

– Маусымның 24 күні Сексеуіл теміржол вокзалында адам нөпірі көп еді. Кешқұрым көмекке мұқтаж 6 кентаулық жолаушынины мен үйге алып келіп, ас-суын бердім. Сол күні Жамихан Дәрібаев та өз үйіне 4 кентаулық жолаушыны алып барып тамақтандырып көмек көрсетіпті. Біздерге ешкім жолаушыларды үйлеріңе алып барып көмек көрсетіңдер деп бұйрық берген жоқ, қаймана қазақты да құдайықонақ деп қондырған халықпыз, жолда қалғандарға жандары ашып осы сексеуілдің жарты халқы оларды бөліп алып жатты, – дейді Тасболат Тұрмағанбетов. Әбдіуәли Жапақов, Оңғар Төлегенов сынды теміржолшылар да қонақжайлылығымен талайдың алғысы мен батасын алыпты.

Сексеуілдік жас теміржолшылар да сауапты шарадан тыс қалмапты. Қауіпсіздік бөлімінің бас маманы Еркебұлан Аяғанов бастаған жастар бірлесіп бірнеше қой сойып, жолаушыларға ас-ауқат дайындауға атсалысыпты.

– Сексеуіл кентінің әкімдігі тарапынан №87 мектептің спорт залында жолаушыларды орналастыру ұйымдастырылып, тамақтандыру, күту жұмыстары жүргізілді. Сексеуіл локомотив пайдалану депосында тегін жуынып-шайынатын монша әзірленіп, біз, жастар, жолаушыларды сонда және кері тасымалдадық. Барлық жұмысты сексеуілдік теміржолшылар бірігіп, бөлісе атқаруға күш салды, бес күн бойы тыным алмай жолда қалған жолаушыларға қолда бар мүмкіндігімізді көрсеттік. Әрине мұның бәрі жан ашығандықтан туындаған іс, біздің азаматтық парызымыз болатын. Одан біз жаман болмадық, үлкендердің батасын алдық, – дейді Еркебұлан Аяғанов.



«Казақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ
Басқарма Төрағасы
Мыңбаев Сауат Мұхаметайұлы

Біз Шымкент қаласына қарасты Жетісай және Шардара аудандарының тұрғындары 2019 жылдың 25 маусым күні Маңғыстау облысынан №378 Маңғышлақ-Алматы поезымен Шымкент қаласына жолаушы болып атанғанбыз. жолда келе жатқанымызда Арыс қаласында болған төтенше жағдайға байланысты №378 Маңғышлақ-Алматы поезды Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл станциясынан Жезқазған станциясына қарай бағытын өзгертті. 500 ден астам жолаушы Сексеуіл станциясынан түсіп қалдық.

Сексеуіл станциясына тұрақтаған уақытымызда 500 ден астам жолаушыға үлкен көмегін берген Сексеуіл станциясының тұрғындарына, Сексеуіл станциясының әкіміне және поездар қозғалысын реттеп, билетімізді өткізіп, өз үйлеріне орналастырып, тамқтандырып, Арыс қаласында болған жағдайды жолаушыларға түсіндіріп, бағыт бағдар беріп өзіне үлкен көмегін көрсеткен Сексеуіл станциясының локомотив пайдалану депосы бастығының орынбасары Асылбек Ияров, «ГП Қызылорда бөлімшесі» қозғалыс қауіпсіздігі қызметінің бас маманы Еркебұлан Аяғанов, Сексеуіл станция бастығының орынбасары Махамбет Кенжегараев, «Қамкор Локомотив» ЖШС Сексеуіл жөндеу депосының инженері Бақтияр Ізбасаров, Сексеуіл станциясының жүк поездарының қабылдаушысы Асылан Демеуов сынды иманы бар, қайырымды азаматтарға басымызды иіп алғысымызды білдіреміз.

Сексеуіл станциясына қызметкерлерді ұйымдастырып, кезекшілік қойып бізді елге жетуге қосымша вагонды ұйымдастырған «ГП Қызылорда бөлімшесі» филиалының бірінші орынбасары Ерлан Айдаров мырзаға алғысымызды білдіреміз.

Құрметті Сауат Мұхаметайұлы Сіздің мықты да іскер басшы екеніңізді білеміз. алдағы уақытта теміржол саласына көркейуіне халыкка ыңғайлы қызмет көрсетуге бар күшіңізді жұмсайтыныңызға біз сенеміз. Жұмысыңызға сәттілік тілей отырып, бізге осындай төтенше жағдай кезінде сіздің теміржол қызметкерлеріңіз аяғынан тік тұрып, күні түні ұйықтамай жолаушыларға қызмет жасаған Сексеуіл станциясының жас теміржолшылары А.Ияров, Е.Аяганов, М.Кенжегараев, Б.Ізбасаров А.Демеуов сынды жігіттердің еңбегін елеусіз қалдырмай, алдағы уақытта «Темір жол» қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде жоғарғы марапатқа ұсынуыңызды және 2019 жыл «Жастар жылы» жариялануына сайкес республикамыздың барлық аймағындағы теміржол жастарына үлгі боларлықтай еңбектерін атап өтсеңіздер деген үлкен өтінішіміз бар. Өтінішіміз оң шешімін табады деген сенімдеміз.

Сексеуіл станциясының темір жол қызметкерлеріне алғысымызды білдіреміз.

Ізгі ниетпен Шымкент қаласының тұрғындары:

1. Садиров Қалмырза
2. Садирова Сара
3. Садирова Бекет
4. Садирова Акерке
5. Садирова Арашгүл
6. Боранбаева Захия
7. Жанбиров Жумабек
8. Жанбирова Айнаш
9. Досанова Актолкын
10. Жанбирова Анар
11. Жанбирова Улмекен
12. Жанбирова Дане
13. Жанбиров Конысбек
14. Жанбирова Алия
15. Шарипова Бактыгул
16. Айтбай Сымбат
17. Гулямрашид Анель
18. Түркіменбаев Талғат
19. Дарменов Мерей
20. Рүстем Ұлмекен.

– Сексеуіл теміржол вокзалы оқиға орын алған күннен бастап күшейтілген кестемен жұмыс жасады. Алғашқы күні 500-дей жолаушыны күтіп алып, шығарып салу жұмысы жасалды. Сексеуілдік жастар мектепке, мешітке орналасқан жолаушыларға арнап құрбандық қой шалып, табақ-табақ ет тартты, қаражаты түгесілгендерге қаржылай азын-аулақ көмек жасалды. Вокзал қызметкерлері де мүмкіндіктеріне қарай үйіне бірнеше жолаушыдан қондырып, кейбіреулері үйлерінен тамақ пісіріп алып келіп жолаушыларға таратты. Вокзалдағы барлық кондиционері бар бөлмелерге жолаушылар орналастырылды. Мен де бірнеше рет жолаушыларды үйге алып барып ас-суын беріп тынығуына мүмкіндік жасадым, жолаушы халықтың ризашылығы үшін қолдан келгенді жасадық, – дейді Сексеуіл теміржол вокзалының бастығы Оңғар Төлегенов.

Сексеуіл станциясының бастығы Сапарғали Салмаевтың мәліметінше, теміржолшылар мен тұрғындар бес күн бойы бес мың шамасындағы жолаушыны күтіп алып, шығарып салып, үш мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ете білген. Жабырқағанның жанынан табылып, сүрінгенді сүйеп, ел басына күн туған шақта барымен бөліскен сексеуілдіктерге деген ризашылықтарын білдірген жолаушылардың алғыс арқалаған хаттары ұлттық компания басшылығына дейін жетті...

*Суретті түсірген автор*

НОВОСТИ

## ПАССАЖИРАМ НА РАДОСТЬ

**В шахтерской столице продолжается капитальная реконструкция железнодорожного вокзала. После масштабного ремонта отправной пункт для пассажиров станет визитной карточкой города.**



По словам советника директора по строительству АО «НК «Қазақстан темір жолы», технического эксперта Элубая Орымбаева, основная задача архитекторов заключается в том, чтобы сохранить исторический облик объекта:

– В то же время новый проект включает в себя набор современных стандартов и требований. Для реконструкции были выбраны специальные материалы, благодаря которым эта задача частично разрешена.

При разработке проекта рассматривались все факторы, способствующие эффективному и качественному строительству здания. Так, в процессе ремонта балки крыши и электропроводка были полностью заменены. Кроме того, в подвале рабочими проведена ливневая канализация, предназначенная для организованного и быстрого отвода выпавших на территории города дождевых и талых вод.

В период реконструкции вокзала перенимался опыт строительства в других регионах. К примеру, на железнодорожной станции Нур-Султан был установлен подземный переходной канал. В нем эскалаторы могут работать только при температуре – 10 С⁰. В связи с этим возникла необходимость в отоплении и дополнительном ремонте. На опыте столичного вокзала этот вопрос решается и в Караганде.

В настоящее время работы по стационарной реконструкции вокзала находятся под контролем. Как известно, капитальный ремонт железнодорожного вокзала Караганды начался в августе 2018 года. Завершение работ запланировано в декабре текущего.

*Светлана МОГАЙ, Караганда*

## МЫ ВМЕСТЕ!

**Отдых для 300 детей, ремонт 325 домов и 90 тонн гуманитарной помощи. Павлодарская область продолжает оказывать помощь жителям города Арысь. Не остались в стороне и сотрудники Павлодарского отделения ГП. На минувшей неделе железнодорожники перечислили более 800 тысяч тенге.**

Сразу после ЧП в городе Арысь, где после пожара на складах с боеприпасами в воинской части начались взрывы, в Павлодарском отделении ГП оперативно организовали сбор финансовой помощи. По информации профсоюзного комитета, в филиал поступило 371 заявление от работников. Это сотрудники всех станций, вагонных и локомотивных депо, дистанций пути, электроснабжения и другие. Денежные средства в общей сумме около 825 тысяч тенге были собраны в течение недели и перечислены на соответствующие счета, открытые для сбора средств жителям пострадавшего города.

К слову, сегодня летние каникулы 130 детей из Арыси проводят в оздоровительном лагере «Жас Даурен».

В Павлодарском отделении ГП отмечают, что готовы оказывать всестороннюю помощь жителям города Арысь. Работа в этом направлении продолжится.

*Айдана ЕРТАЙ*

УЧЕНИЯ

# ОПЕРАЦИЯ «ЛИКВИДАЦИЯ»

При входе на четвертый путь грузового поезда на станции Уральск произошел сход железнодорожной цистерны с сырой нефтью, в результате удара произошла разгерметизация, утечка нефтепродуктов и возгорание цистерны. Ликвидацию чрезвычайной ситуации все задействованные в учениях службы провели на «отлично».



**Анна ПАНИЩЕВА,**
*Уральск*

Согласно сценарию учений, на станции Уральск произошло возгорание цистерны с нефтью с утечкой нефтепродуктов на площади 50 квадратных метров. Возникший пожар представлял реальную угрозу объектам станции, ближайшим строениям, включая вокзал, здоровью и жизни пассажиров, находящихся на перроне и в вагонах пригородного поезда, а также была вероятность распространения огня на здание багажного отделения и АО «Казпочта».

После поступления в 9.30 сообщения о возгорании, дежурный по станции оповестил о пожаре дежурного ДЧС по ЗКО, дежурную телефонистку Уральского узла связи Транстелекома, первых руководителей всех структурных подразделений в соответствии со списком, а также отдал приказ о поднятии восстановительного и пожарного поездов, подаче их к месту пожара.

Незамедлительно в район пожара на безопасное расстояние был подан восстановительный поезд. Сотрудники военизированной железнодорожной охраны и линейного отдела полиции оцепили место происшествия, освободив дорогу для спецтехники ДЧС. На требуемое расстояние прибыли пожарный поезд отряда противопожарной службы Уральского отделения ГП и два пожарных расчета ДЧС по ЗКО. В считанные минуты были развернуты пожарные рукава с обеих сторон, горящая цистерна залита пеной, источник возгорания ликвидирован, пролившиеся нефтепродукты нейтрализованы. Затем цистерна была поднята восстановительным поездом для транспортировки в ремонтное предприятие.

– Сотрудники Уральского отделения ГП, Уральской дистанции пути, Уральского эксплуатационного вагонного депо, Уральских дистанций сигнализации и связи, электроснабжения, ВЖДО действовали слаженно, взаимодействуя с сотрудниками ДЧС ЗКО, – отметил начальник штата ГО и ЧС, главный инженер Уральского отделения ГП Чингиз Мурзагалиев. – В учениях приняли участие 127 человек личного состава и 8 единиц аварийно-спасательной техники.

– Учения прошли в штатном режиме, все подразделения отработали в четком соответствии с инструкциями, координировал ДЧС ЗКО, – подытожил старший офицер отдела гражданской обороны департамента по ЧС ЗКО, старший лейтенант Раимбек Тумангалеев.

*Фото автора*

СОВЕЩАНИЕ

# ЗА ЭКОЛОГИЧЕСКУЮ БЕЗОПАСНОСТЬ

Раздельному сбору отходов, вопросам радиационной безопасности было посвящено совещание с работниками на станции Алтынколь под председательством главного инженера станции Максата Мамбеткулова.



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
*Алтынколь*

На совещании говорилось о повышении рейтинга экологичности компании, об экономии, соблюдении законодательства, о преимуществе раздельного сбора отходов – снижении затрат на транспортировку и приобретение контейнеров, получении доходов от перерабатываемых отходов. На встрече шла речь об отходах, в которых содержатся вредные вещества, обладающие одним или несколькими опасными свойствами (токсичностью, взрывоопасностью, радиоактивностью, пожароопасностью, высокой реакционной способностью); говорилось и о размещении и удалении отходов, экологических требованиях при обращении с опасными отходами.

В ходе совещания прозвучало, что сжигать мусор – это опасно и неэкономично, так как при сжигании образуются токсичные вещества – тяжелые металлы, диоксины, которые имеют свойство накапливаться в воде, почве, в телах животных, человека и вызывают серьезные заболевания.

– Самый безопасный способ обращения с отходами – раздельный сбор и переработка, – подчеркнул на совещании Максат Мамбеткулов.

Так как АО «КТЖ – Грузовые перевозки» осуществляет перевозку опасных грузов, вопрос о радиационной безопасности рассматривался отдельным пунктом Затрагивался вопрос по разработке алгоритма, принятия решений при выявлении составов, содержащих вагоны и грузы с повышенным радиационным фоном.



Были подробно озвучены и такие моменты, как радиационный контроль при транспортировке радиоактивных веществ, меры и действия при возникновении аварийных ситуаций с опасными грузами (удаление из опасной зоны людей на расстояние 50 метров, информация по схеме оповещения, ограждение опасной зоны подручными средствами радиусом 10 метров, недопущение посторонних лиц, а также привлечение в соответствии с законодательством РК специалистов аварийных служб близлежащих территорий, пожарных подразделений в населенных пунктах и объектах).

Говорилось и о производственном радиационном контроле металлолома, измерении мощности дозы гамма-излучения при обнаружении превышения радиационного фона вблизи партии или фрагмента металлолома, выборочной проверке наличия поверхностного загрязнения металлолома альфа- и бета-активными радионуклидами, а также о проведении радиационного обследования порожнего транспортного средства, предназначенного для перевозки партии металлолома.

*Фото Максата ОШАКБАЕВА*

КОМИССИОННЫЙ ОСМОТР

# ВЕК ЖИВИ – ВЕК УЧИСЬ

На станции Уральск прошел ежеквартальный учебно-показательный комиссионный месячный осмотр, в котором приняли участие более 30 руководителей и специалистов подразделений филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Уральское отделение ГП».



**Яна ЛЕНИНА,**
*Уральск*

Как отметил председатель комиссии, главный инженер Уральского отделения ГП Чингиз Мурзагалиев, учебно-показательный КМО организован с целью улучшения качества проведения комиссионных месячных осмотров. Он ознакомил прибывших на занятия начальников станций от Семиглавого Мара до разъезда Колузаново и других специалистов с приказом №971 от 24 декабря 2018 года «Правила организации и проведения комиссионного месячного осмотра железнодорожной станции», отметив, что особое внимание необходимо уделять предупреждению появления неисправностей, обеспечению длительных сроков службы сооружений и устройств и содержанию их в исправном состоянии.

В целях обеспечения своевременного устранения выявленных недостатков директора филиалов АО «НК «ҚТЖ» – отделений магистральной сети совместно с директорами филиалов планируют распределение техники, материалов верхнего строения пути, металлических частей стрелочных переводов, оборудования, приборов устройств СЦБ и связи, электроснабжения. В процессе проведения КМО комиссия при необходимости ограничивает скорость движения поездов или закрывает движение в зависимости от технического состояния верхнего строения пути. При обнаружении неукрытия остряков рамных рельсов противошерстное движение по стрелочному переводу закрывается.

О сроках устранения неисправностей, выявленных при проведении комиссионного месячного осмотра, рассказал главный инженер Уральской дистанции пути Ануар Мауленбердиев. Он напомнил, что КМО на станции первого класса проводятся с 1 по 10 число каждого месяца, ведется контроль за ходом устранения в установленные сроки недостатков, выявленных при проведении комиссионного месячного осмотра, проводится комиссией под председательством начальника станции в составе директоров и заместителей директоров дистанций пути, сигнализации и связи, электроснабжения, эксплуатационных вагонных депо.

В ходе показательного КМО был проведен практический показ на стрелке №28. Дорожный мастер четной горловины 7-го околотка Уральской дистанции пути Амангали Толкумбаев пояснил, что сроки устранения недостатков в содержании пути и стрелочных переводов, выявленных при проведении комиссионного месячного осмотра станции, определяются указанными выше Правилами. Он также провел на стрелке практический показ норм и допусков содержания стрелочных переводов, содержание по уровню и шаблону, крепление соединительных переводных рабочих тяг, выкрашивание и угон остряков, вертикальный износ рамных рельсов с применением средств измерений.

Старший электромеханик СЦБ Уральской дистанции сигнализации и связи Кенжебай Сисенов наглядно продемонстрировал внутреннее состояние электропривода с переводом стрелки с указанием допустимых норм, проверку надежности перевода централизованных стрелок курбелем на плавность хода остряков и другие важные процедуры обслуживания стрелочного перевода.

О рассматриваемых при КМО сооружениях, устройствах и служебно-технических зданиях, стрелочных переводов главных и приемоотправочных путей, находящихся в границах станции, подробно рассказал начальник станции Пойма Надирша Исхожин. О порядке рассмотрения результатов комиссионного месячного осмотра выступил заместитель начальника станции Жилаево Бауржан Исмагулов.

При проведении показательного комиссионного осмотра стрелочного перевода №28 отступлений от норм не выявлено.

Исполняющий обязанности начальника станции Казахстан Миндар Рашид подчеркнул значимость показательных КМО для повышения уровня знаний в содержании технических средств, своевременного устранения неисправностей и их предупреждения, что вносит большой вклад в обеспечение безопасности движения и является основной задачей всех работников железнодорожного транспорта.

*Фото автора*

МАЙТАЛМАН

# АРЫСТА ТУҒАН АРЫСТАН

Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің бас ревизоры Арыстан Қалшабеков теміржолшылар дүниеге келетін, оларды дайындап шығаратын ұстахана сынды Арыста туғанын мақтан тұтады.



Сол теміржолшылар қаласынан шыққан Арыстан Салыбекұлы күні кеше 63 жасқа толып, құрметті зейнеткерлік демалысқа шықты. Шымкент темір жол бөлімшесінің ұжымы әріптестерін құрметті демалысқа салтанатпен шығарып салды.

1999 жылдың 22 қаңтарынан бүгінге дейін абыроймен еңбек еткен ол 20 жыл 5 ай Шымкент бөлімшесінде қозғалыс қауіпсіздігінің бас ревизоры болыпты. Жалпы, теміржол саласындағы 46 жылының 26 жылы Шымкент бөлімшесінде өткен.

«Әр жылдың басында қозғалыс департаменті бір жылдық жоспарды бекітеді. Біздің басты міндетіміз – сол жоспарға байланысты әр мекемеге жоспарлы, жоспардан тыс тексерістер жүргіземіз. Негізгі бағытымыз мекемелердегі жіберген, болып жатқан кемшіліктерді анықтау. Кемшіліктерді болдырмау, алдын алу бағытындағы жұмыс жүргізу. Мекеме басшысынан бастап қарапайым теміржолшыға дейін өз міндетін қалай атқарып жатыр, қандай кемшіліктер жіберді, өздеріне бекітілген жұмыстарды қай деңгейде орындауда, тексеріп, хаттама жазамыз», – деген болатын бас ревизор осыдан бірнеше ай бұрын берген сұхбатында.

Бас ревизор жоспарлы тексеріс барысында көбіне қандай кемшіліктер табатынына тәптіштей тоқталған.

– Жол шаруашылығында жол бойындағы рельстердің, бұрмалардың өз деңгейінде сақталмауына не себеп болды, соны анықтаймыз. Егер темір жол жылдамдыққа сай болмаса шектеу қойып, жылдамдықты азайтамыз. Жолдың жағдайына байланысты рельстің астында жатқан бетон, ағаш шпалдар сай келмесе, шектеу қоя аламыз. Рельстің ұзындығы, түйіспе жолдар қандай деңгейде жатыр, тексереміз. Сонымен қатар, кейінгі шыққан локомотивтерді, Қазақстанда жасалған «Эволюшн» тепловоздарын, олардың сапасын анықтаймыз. Машинистер мен олардың көмекшілерінің білім-біліктілігі, өз қызметтерін қандай деңгейде атқарып жатыр, қандай кемшіліктер бар, кабинаның ішінде жүріп, яғни «жұмыс орнында» тексереміз. Жол бойындағы қоңыраулардың, электр бағдаршамдарының жасыл, көк, сары түстері ережеге байланысты көрініп тұр ма, оны да тексереміз. Жалпы, жол шаруашылығы – күрделі мәселе. Себебі, әрқайсысының өз мерзімі бар. Деполарда ағымдық жөндеу болған кезде жөндеу жұмыстары сапалы, өз деңгейінде болып жатыр ма, қадағалаймыз. Бұдан бөлек, бекеттердегі бақылау пункттерінің, вагон бақылаушыларының дайын болған пойызды қай деңгейде көргенін, қандай кемшіліктерді тапты, бақылаймыз. Қандай да бір кемшілік шығатын болса, «Шымкент ЖТ бөлімшесі» филиалының директоры Е.Ермановқа, магистральдық желі бөлімшесінің директоры М.Оңаловқа хаттар жолданып, тиісті шара қолданылады. Өз тарапымыздан жұмыс барысында аталған кемшіліктердің қайталанбауын талап етеміз», – деген болатын бас ревизор.

Қозғалыс қауіпсіздігі департаменті, аты айтып тұрғандай, сан салалы теміржолдың күретамырына қан жүгіртіп, қай жерде ақау кетті, ескертіп, бақылап, кемшілікті болдырмауға тырысады. Бас ревизордың айтуынша, тексеріс тиянақты, талап күшті болса, бөлімшенің жұмысы алға басады. Осы орайда, бас ревизордың Шымкент теміржолының үнемі көш басынан көрініп, бәйгенің алдын бермей келе жатқанына өз үлесін қосып отырғанын ешкім жоққа шығара алмаса керек.

«Кез келген аурудың алдын алсаң жазылып кетеді» дейді ғой, сол сияқты кемшіліктердің алдын алу, қызметкерлерге қырағы болып, ақауларды болдырмау арқылы көп жетістікке жетуге болады. Егерде кемшіліктер өз деңгейінен жоғары болса, қызметкерлерді кезектен тыс тексеруге жібереміз. Білімі сай ма, сай емес пе, сол бағытта жұмыс істейміз. Жыл сайын тоқсандық, жартыжылдық, жылдық талдау жасаймыз. Жылына екі мәрте Қазақстан темір жолындағы Бас департамент бастықтарына, алты айдың ішінде қандай жұмыстар жүргізілді, қандай кемшіліктер табылды, есеп береміз. Олар біздің жұмысымызға бағасын береді. Әрине, жұмыс болған соң бәрі керемет болуы мүмкін емес, кемшіліктеріміз де болды, 20 жыл 5 ай қызметте қиын да күрделі саланың қызығы да, шыжығы да көп болды», – дейді зейнеткерлікке шығып жатқан Арыстан Салыбекұлы.

Қарамағында 5 ревизор, 1 инженер бар. Бөлімнің жүгін арқалаған 6 маман өз жұмыстарын жауапкершілікпен атқарып келе жатқаны шәк келтірмейді. «Біздің жұмыс расында күрделі. Вагон, локомотив шаруашылығы – бәріміз біргеміз. Жазда күннің ыстығына, қыста суыққа байланысты бақылау жасаймыз. Мәселен, қыста рельстің температурасын алып, бақылау жасап отырамыз. Ал күн ысыған кезде рельстер қалай жатыр, назарымызда болады. Одан басқа, күнделікті жоспар бойынша жұмыстар істеліп жатыр ма, қызметкерлер саны сай ма, құрал-жабдықтар жасақталған ба, қадағалаймыз, егер толық болмаса шектеу қойып, ары қарай толық болғанша жұмысты жүргізбейміз, яғни техника жұмыс көлеміне сай болуы тиіс», – дейді.

Арыстан Салыбекұлын теміржолшы болуға не алып келді деген сауалымызға теміржолшылар қаласы Арыс өңірінен шыққан теміржолшылар әулетінен шыққанымен байланыстырды.

«Арыста тудым. Арыс станциясы – тоғыз жолдың торабы түйіскен жер, теміржолшылар қаласы. Әкем теміржолшы. Әскери борышымды орындап келгеннен кейін Арыс станциясында дәнекерлеуші болып істедім. Қарапайым жұмысшы да, бақылаушы, аға бақылаушы, аға шебер, бақылау пунктінің бастығы, бригадир, депоның бастығы, бас инженер болдым. 45 жыл еңбек өтілімнің 22 жылын Шымкент бөлімшесінде қозғалыс қауіпсіздігін басқарып келдім. Осы қызметте алғашқы ұстаздарымның бірі Борис Есенаманов, Қанат Мұхамеджанов, Бекболат Қойжанұлы болса, Иван Костыря, Лесбек Жаңабаев, Марат Шакенов сынды әріптестеріммен қоян-қолтық қызмет атқарып, жас та болса үйренгенім көп болды», – деген Арыстан Қалшабеков барлық әріптестеріне денсаулық, қызметте жемісті еңбек пен абырой тіледі.

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,** *Шымкент қаласы*
*Суретті түсірген автор*

ҚАУІПСІЗДІК

# САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Жыл басынан бері Бейнеу жол дистанциясы аумағында локомотив бригадалары 78 шұғыл тежеу беріп, 7 мал басу оқиғасы тіркелді. Бақташысыз жайылған төрт түлік бүгінде теміржолшылар үшін қып-қызыл шығын мен қатерге айналды.

Әсіресе, түйе малы жолға көп шығады. Жолдағы малдың кесірінен пойыздар жылдамдықты азайтуға және тоқтатуға мәжбүр. Пойыз – жолаушыларға жасаған мемлекеттің қолайлы жағдайы. Десек те, оның уақытылы жетуіне кедергі болатын жайттар көп. Қазіргі танда қауіп төндіріп тұрған Бейнеу-РЗД-1, РЗД-1-РЗД-2, РЗД-3-Үстірт, Алтай-Теректі, Сам-Ноғайды, Ноғайды-Тұрыш аралығында темір жолға жақын ауылдың тұрғындары малдарын қараусыз жіберуі салдарынан әсіресе, жолаушылар пойызына қауіп болып тұр. Пойызға соқтығысқан малдың иесіне бірінші кезекте ескерту жасалады. Егер сондай жағдай тағы қайталанатын болса, ҚР Әкімшілік Құқықбұзушылық туралы кодексінің 559-бабының 1-тармағына сәйкес темір жолдың бөлінген жолағында мал жайылу қағидаларын бұзғаны үшін 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Мекемеге қарасты темір жол телімдерінде орналасқан Бейнеу, Тежен, Ақжігіт, Төлеп, Сайөтес, Сам, Сыңғырлау, Ноғайды, Тұрыш елді мекендерінде тұрғындармен ай сайын темір жол ережесімен таныстыру, мал басу оқиғаларын болдырмауға дистанция көлемінде алдын алу іс-шаралары жүргізілуде. Бүгінде темір жолшылар алдын алу шараларына аса мән беріп отыр. Жол бойындағы елді мекендерде түсіндіру шаралары күшейтілген. Бұл шараға жергілікті әкімдік пен полиция қызметкерлері де тартылып отыр.

**Әсел ТАҢАТАРОВА,**
*Маңғыстау*

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



# АҒЫМДЫҚ КҮТІМ ЖОСПАРҒА САЙ

Қызылорда жол дистанциясы ұжымы биылғы маусым айында және өткен алты айдың ішінде пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өз телімдерінде талап деңгейінде ұйымдастыра білген. Аталған уақыт аралығында пойыз апатына және басқа оқыс оқиғаларға орын бермей, қауіпсіздікті қатаң сақтаған.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Белкөл*

Дистанцияның жыл басынан бергі аралықтағы жұмыстары жайлы Қызылорда жол дистанциясы техникалық бөлімінің басшысы Кенже Қойшыбаева ұсынған мәліметке сенсек, жолшылар қауымы маусым айында және жыл басынан бергі алты ай ішінде жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтап, қауіпсіздіктің бұзылуына жол бермеген. Пойыздардың телімдерде кестеден тыс кідіруі орын алмаған. Дегенмен түрлі себептердің салдарынан дистанция бойынша пойыз машинистерінің өткен жылдың маусым айында 11 рет, биылғы маусымда 4 мәрте жедел тежегіш қолдануы тіркелген.

– Қызылордалық жолшылар жыл басынан бері пойыздардың қауіпсіз қозғалысын сақтау шараларын қатаң сақтап келеді. Жолды күрделі жөндеу жұмысы межеленбегенмен, техникалық талапқа сай бабына келтіріп, ағымдық күтіп ұстау жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Өндірістік жұмыс барысында пойыздың құлауы, апатты жағдайлар мен оқыс оқиғаларға орын берілмей қауіпсіздікті сақтау шаралары қатаң сақталуда. Алайда, локомотив машинистерінің жедел тежегіш қолдануы азаяр емес. Осы бағытта ауқымды жұмыстар жасалуда, – деді дистанцияның техникалық бөлімінің басшысы Кенже Қойшыбаева.

Дистанция телімдерінде локомотив машинистерінің жедел тежегіш қолдануы биылғы алты айда 41 рет, өткен жылдың сәйкес мерзімінде 48 мәрте тіркелген. Биылғы жылы орын алған жағдайларды саралап айтсақ, онда 21 рет иесіз малдың, 20 мәрте бөгде адамның жолға белгіленбеген жерден шығып, оның екі жағдайында адам басу оқиғасы тіркелген екен. Иесіз малдың жолға шығып кетпеуі үшін жолшылар биыл маусымда 1,5 км сым қоршау жөндеген, ал алты айда жоспарланған 12 км орнына 15 км жаңа бағаналар тұрғызып, сым тартып, ескі қоршаулар жөндеуден өткізілген.

Телім жолдарының техникалық талаптарға сай болуы үшін дистанция балансындағы 24 ақаутапқыш арбашамен жоспарға сәйкес маусымда 1709 км негізгі жол, 119 км қабылдау-жөнелту жолдары, 1134 жинақ жол бұрмасы, 2880 дәнекерленген түйіспе тексеруден өтіп, ақаутапқыш арбалардың пайдалану тиімділігі 100 пайызды құраған екен. Алты айда анықталған екі ақаулы рельс ауыстырылған. АЛСН құрылғысының қалыпты жұмысы тұрақты сақталуда. Жол күтімінің 54 бірлікке белгіленген көрсеткіші маусым айында 62 бірлікке орындалған.

Жолдарды ағымдық күтіп-баптау шаралары барысында жол машиналары қолданылған. Мәселен, маусым айында РМ машинасымен 11955 метр жол, Дуомат, ДГС машиналарымен 26 км, ПБР-мен 42 км, ЩОМ-7-мен 21,66 км жол бойында жұмыс жасалып, ағымдық күтім шаралары жоспарлы орындалған екен.

Жылжымалық құрамдардың қауіпсіз қозғалысын сақтау мақсатында басшылық құрамның жолды жағалап тексеруі жүргізілуде. Темір жол маңында мал бағу, жолдан белгіленген жерден өту ережесіне түсіндіріп, алдын алу жұмыстарын арттыру, әр аптаның жұма күндері сым қоршауларды жөндеуді қамтамасыз ету және жолшылар үшін уақытылы рельс тізбектеріндегі рельс жалғағыштарының түгелдігін ШЧ мамандарымен бірге тексеруден өткізу, айдан айға 2-дәрежелі ақаулардың жойып азайтуға күш салу, материалдық құндылықтарды үнемді пайдалану сынды жұмыстарға басымдық берілуде екен. Әрине, мұның барлығы жолшылардың күнделікті жүргізетін кәсіби жұмысына айналған.

Сонымен қатар теміржол маңына мал жаю ережесімен маусым айында 712 тұрғынға, алты айда 122 мәрте жиналыс өткізіліп, 7256 адамға қауіпсіздік ережелерінен үзінділер таратылып, таныстыру жұмыстары жүргізілген.

Және де биылғы алты айда қызылордалық жолшылар ЖІІб қызметкерлерімен бірге 61 рет рейд өткізген. 54 рет мектептерде болып, 6932 оқушымен түсіндіру-таныстыру жұмыстарын жүргізіп, 113 рет жиын өткізсе, теміржолдан тек белгіленген жерлерден өту ережелерімен 4688 адам таныстырылған. Алайда, жұмыстар тұрақты жүргізілгенмен иесіз малдың теміржолды бойлай жайылып, жолға шығып кетуі тыйылмай тұрғаны байқалады. Дистанция бойынша 17 теміржол өтпесі болса, оның барлығы арнайы күзетіледі екен. Арнайы мамандар тарапынан өтпе кезекшілерімен бірге рейд жасалып, автокөлік иелеріне өтпелерден өту ережелері түсіндірілген. Мәселен, ағымдағы жылдың маусымында 87 мәрте рейд өткізіліп, 712 автожүргізуші, алты айда 240 рейд ұйымдастырылып, 3492 жүргізуші ережемен таныстырылып, жергілікті атқарушы орган мен ЖІІ бөліміне 41 рет хат жөнелтілген.

– Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында тұрғындарға хабарлама ретінде мыналарды айтқым келеді. Теміржол – қауіпті де маңызды аймақ. Ол жерде бей-берекет жүруге, жол бойын жағалай мал бағуға болмайды, аймақта балаларды қараусыз қалдырмау керек. Егін жұмыстары кезінде және ауа температурасының жоғары жағдайында өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитарлы-экологиялық норма талаптарын қатаң сақтау керек екендігін тағы бір мәрте қайталап айтқанымыз артық емес деп ойлаймын, – дейді Қызылорда жол дистанциясының техникалық бөлімінің басшысы Кенже Қойшыбаева.

*Суретті түсірген автор*

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Семей теміржолының «Солтүстік тармағында», Семей-Локоть телімінің 605,2 шақырымында орын тепкен 4-ші класты Белағаш деген бекет бар. Қарағайлы орман арасындағы теміржол бекетінің салынғанына биыл тұп-тура 105 жыл толады екен.

# БЕЛАҒАШ ДЕГЕН БЕКЕТ БАР...

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*




Семей ЖТ бөлімшесі мұрағатында деректемелік құжаттар бар. Тоқтала кетсек, аталмыш бекет Алтай теміржолының оңтүстік тармағы бойынша 1914 жылы салынып, аз уақыт ішінде бірінші жаһан соғысында тұтқынға түскен австро-венгр әскерилерінің күшімен салынып бітіпті. Расында, тарихи нысанның сәулет үлгісі ерекше, шығыс еуропалық стильмен тұрғызылған.

– Теміржол вокзалының салынғанына ғасырдан асса да әлі күнге дейін күрделі жөндеуді қажет етпейді. Іргесі бүтін, кісі құлашындай болатын қабырғалары да еш сетінемеген. Тек өз күшімізбен әрлеп-сырлап, көріктендіреміз, – дейді аталмыш станцияның басшысы, белсенді жас Ерғанат Төлебаев. Қазір тарихи ғимаратта тек жолаушылардың күту залы ғана емес, станция кезекшілері, диспетчерлер де орын тепкен. Станция бастығы да осында отырады.

Аталмыш нысан тарихи-мәдени маңыздылығы себепті мемлекет қорғауына алынып, арнайы тіркеуден өткен. Ғимараттың қасбетінде патшалы Ресей дәуіріндегі ескертпе түріндегі темір белгі әлі күнге дейін тұр. Онда осынау бекеттің бір кездегі Омбы теміржолына қарасты екендігі жазылған.

Жалпы көлемі 119,7 км болатын Семей-Локоть телімінің дәл ортасында орын тепкен осынау аралық станцияның техникалық анықтамасы тым күрделі. Себебі, бес қабылдау-жөнелту жолдарын қоса алғанда шақырымға созылған 10 жол, екі маневрлік аудан бар. Сондай-ақ, станцияға қарасты 16 бағыттамалы бұрмалардың барлығы да орталықтандырылған. Бұл сипаттама 4-ші класты станция үшін тым ауқымды жұмыс қалыптастырады. Кірме жолдардағы қозғалыс барысы әсіресе астық тасымалы күш алған күз бен қыс мезгілдерінде тіптен арта түседі екен. Ал осынау аса ауқымды жұмыстың барлығы станция жүрегі саналатын тарихи нысаннан басқарылады.

– Қарағайлы орман ішінде болғандықтан қысқы мезгілде қармен күреске баса ден қойылады. Алдағы қатал маусымда да қызмет сапасын төмендетіп алмау – міндетіміз. Сондықтан да, қазіргі күні қысқы мезгілге дайындық жұмыстары қарқынды жүріп жатыр, – дейді жазғы жұмысқа білек сыбана кіріскен жергілікті станция қызметкерлері.

Желінің қос қапталы қалың ел – ежелден бері диқандар қауымы. Халық саны аса мол іргелес екі ауданға қызмет көрсететіндіктен бұл тарихи бекетке келімді-кетімді жолаушылар саны да көп. Сондықтан да, станция қызметкерлері биылғы жылы да ішкі және сыртқы жөндеу жұмыстарына ерекше мән беріп, вокзал аумағын абаттандыруға көңіл бөліпті. Жас та болса тәжірибелі, білікті басшы Ерғанат Төлебаевтың жетекшілігімен перрон толықтай тәртіпке көшірілген. Сондықтан да, мұндағы жабайы сауда мүлде тоқтатылған. Биылғы жылы аумақтағы құраған ағаштар мен жолаушыларға қауіп төндіретін тал-дарақтар кесіліп, вокзал маңайы қауіпсіздік талаптарына сай етіліпті.

Белағаштық теміржолшылар еш мызғымастан тұрған өз бекеттерін кешегі аға буынның аманаты деп біледі.

*Суретті түсірген автор*

ТВОИ ЛЮДИ, МАГИСТРАЛЬ!

# И ЭТО ВСЕ О НЕМ

Строгий, умный, справедливый – такими качествами охарактеризовали начальника станции Кызылжар Толеубая Мусаева его коллеги.

**Лана ВЕРШИНИНА,**
*Кызылжар*



Более 16 лет Толебай Мусаев руководит железнодорожным объектом. Свою трудовую деятельность начинал электромонтером в организации ЛТУ-2 на станции Кызылжар, работал старшим оператором на Кызылжарском нефтепроводе. С юношеского возраста Толебай тянулся к знаниям. Он постоянно расширял свой кругозор, зная о том, что это ему пригодится в жизни. С 1982 по 1985 годы обучался в Жезказганском строительном техникуме. Там освоил специальность «производство и гражданское строительство».

В 1994 году Толебая Мусаева назначают начальником службы Кызылжарской нефтяной базы, а через год избирают президентом акционерного общества «Кызылжарская нефтяная продукция». Казалось бы, он добился хороших результатов и достиг карьерного роста. Однако его всегда тянуло к железной дороге. Именно в этой сфере он чувствовал себя на своем месте.

В конце 90-х мужчина занимает должность заместителя начальника станции Кызылжар. На протяжении четырех он лет набирается опыта, болеет за показатели станции, старается обеспечивать безопасность в сфере труда. С 2003 года по настоящее время Толебай Мусаев является начальником этой станции. Будучи руководителем узла, он не останавливается на достигнутом. В 2006 году окончил Карагандинский государственный университет по специальности «перевозки и организация дорожного движения». Эти знания он применяет для развития и процветания железнодорожного объекта.

За время работы на станции зарекомендовал себя грамотным специалистом, пользуется авторитетом в трудовом коллективе. Коллеги по работе замечают в нем и организаторские способности. Также Толебай Мусаев принимает активное участие в разработке и внедрении научных и технических проектов, прогрессивной технологии

Большой вклад руководитель станции вносит в социальную жизнь поселка как депутат районного маслихата. Тщательно рассматривает каждое обращение граждан и оказывает содействие в решении проблем. Кроме того, активно участвует в благотворительных акциях, направленных на поддержку детей, малоимущих семей и пенсионеров, оказывает материальную помощь ветеранам труда и войны, спонсорскую поддержку молодежи для участия в районных, областных и культурных мероприятиях, а также в развитие национальных видов спорта.

Много добрых слов можно сказать в адрес этого человека. Однако он предпочитает оставаться в тени.

– Наш руководитель честный, порядочный и принципиальный, – добавляют ко всему сказанному сотрудники станции Кызылжар.

*Фото автора*

# НИКОГДА НЕ ГОВОРИ «НИКОГДА»

Гульмира Дударева еще 20 лет назад была совершенно далека от железной дороги. Когда соседи по общежитию на бывшей станции Защита, которые работали в этой сфере, предлагали влиться в их ряды, она неизменно отвечала: «Да ни за что!». У нее и в родне-то никогда не было железнодорожников. Но жизнь распорядилась по-другому.

**Ольга УШАКОВА**
*Усть-Каменогорск*



Гульмира Дударева выросла в шахтерском поселке Акбеит, который расположен в Астраханском районе Акмолинской области. Отец – шахтер, мама всю жизнь до пенсии проработала в Продснабе.

– Железную дорогу я в детстве близко не видела, несмотря на то, что от станции Жалтырь к нам два часа езды. После окончания школы поступила в Целиноградское медицинское училище и по распределению приехала в Восточный Казахстан. Думала, отработаю три года и вернусь обратно. Но «пустила корни», – смеется она.

Поначалу работала медицинской сестрой в Защитинской железнодорожной больнице – уже «теплее», ближе к стальной магистрали. Жила в общежитии вместе с представителями этой сферы – вагонниками, движенцами, проводниками.

– Там жили в основном железнодорожники. Они мне предложили получить специальное образование и пойти работать на «железку». Я постоянно отказывалась. В моем представлении, на железной дороге работали грубые люди. Да и в больнице я привыкла к чистоте, – говорит Гульмира Дударева. – И вот в больнице я проработала 10 лет, начиная с 1989 года. Потом у нас начались перебои с заработной платой, мы по девять месяцев не видели в больнице своих денег. Это было страшное время, жили по карточкам! А мне нужно было после развода с мужем сына поднимать. И я решилась уйти на железную дорогу, где зарплату платили!

Первый опыт работы на «железке» Гульмиру Дудареву, скорей, разочаровал, чем обрадовал. Она устроилась дежурным стрелочного поста на станцию Усть-Каменогорск. Было тяжело. Каждую зиму в помещении нужно было топить печку, чистить снег.

– Я всегда жила в благоустроенном жилье, поэтому не умела обращаться с печным отоплением. На стрелочном посту из-за этого приходилось мерзнуть, и я даже иногда просила путейцев растопить мне печь, – вспоминает железнодорожница. – Я не могла даже пищу принимать на рабочем месте, потому что мне все казалось грязным. В первый год работы стрелочником часто плакала, хотела вернуться назад в больницу. Но сказала себе, что у меня есть пять лет, чтобы не потерять квалификацию в медицине, а пока поработаю на железной дороге. Но неожиданно для себя втянулась.

Дежурной стрелочного поста Гульмира Дударева проработала семь лет. Потом ей предложили пойти в приемосдатчики. В этой должности она трудилась 12 лет.

– Мне уже последние лет восемь предлагали идти в товарные кассиры, но я всегда думала, что это не мое. Я очень подвижный человек, сидячая работа не для меня. К тому же решительностью не отличаюсь, поэтому сложно было поменять специальность. В общем, я долго думала, и три месяца назад все-таки пошла в товарные кассиры, – говорит Гульмира.

Новая должность, где приходится работать с людьми и документами, требует повышенной внимательности, коммуникативных навыков. По словам Гульмиры Дударевой, бывают разные ситуации, и есть необходимость повышать уровень знаний, читать, изучать.

– Сейчас внедрена электронная система АСУ ДКР, и с ней хорошо работать, легко. Раньше нужно было всю информацию набирать, читать вручную, но я этого не застала, – заметила она.

Кроме Гульмиры никто из ее родственников так и не стал железнодорожником. А она в этой сфере, на станции Усть-Каменогорск, работает уже два десятилетия. За это время женщина поменяла свое мнение и о самой сфере, и о людях. По ее словам, поворот в мировоззрении произошел еще в бытность дежурным стрелочного поста. Набравшись опыта, преодолев первые невзгоды, Гульмира Дударева внезапно поймала себя на мысли, что с удовольствием идет на работу.

Когда она рассказала об этом знакомому ревизору, он заметил:

– Гульмира, ты счастливый человек. Ты любишь дело, которым занимаешься!

*Фото автора*

ТВОРЧЕСТВО

# ЗАБЛЕСТЕЛИ МАГИСТРАЛИ, ЗАЗВЕНЕЛИ ПОЕЗДА

Праздничная концертная программа с задушевными песнями и современными танцами была организована ко дню столицы Нур-Султан. Мероприятие состоялось во Дворце культуры железнодорожников района Сортировка.

**Светлана МОГАЙ,**
*Караганда*

На сцене свое мастерство продемонстрировали далеко не профессионалы, а народные самородки и просто творческие люди. Основной костяк артистов составили работники железной дороги, проживающие на станции Караганда-Сортировочная. Среди них есть участницы коллектива «Магистраль», которые в настоящее время находятся на заслуженном отдыхе. Глядя на моложавых и подтянутых женщин, трудно представить, что кому-то из них перевалило за 70, а кто-то уже перешагнул и 80-летний рубеж.

Пенсионерке Лилии Горских исполнился 81 год, но она по-прежнему «в строю» и исполняет песни о Родине и о любви. В Сортировке женщина проживает с 1948 года. В девятилетнем возрасте ее привезли на станцию, которая затем стала ее родным домом. Отец работал кондуктором на железной дороге. Старшая сестра трудилась билетным кассиром, а младшая в отделении дороги.

– Больше 19 лет я проработала на станции приемосдатчиком вагонов. Еще до замужества занималась в хоре. Этим увлекаюсь по сей день, – рассказывает женщина. – Благодаря любви к пению я чувствую себя в душе молодой. Говорят, что люди, занимающиеся творчеством, живут долго и счастливо. К этой категории, наверное, отношусь и я.

Еще одна участница коллектива – Зинаида Белугина – работала на железной дороге связистом. После выхода на заслуженный отдых записалась в самодеятельный хор. С тех пор не пропустила ни одной репетиции и исполняет вместе с другими участницами разножанровые произведения.

– В нашем репертуаре есть песни шуточные и мелодичные, а также немного грустные и лирические, – рассказывает она. Одна из них – «Песня о Сортировке», где в словах есть такие слова: «Заблестели магистрали, зазвенели поезда, Сортировка, Сортировка – это Родина любимая моя». Песню сочинила карагандинская поэтесса Светлана Яковлева.

В гала-концерте также принял участие артист ДКЖ Константин Иванов, исполнивший песню ко дню рождения первого Президента, а также детские творческие коллективы. Завершилась праздничная программа выходом на сцену всех исполнителей, которые зарядили присутствующих в зале зрителей хорошим настроением и позитивом.

ПРОИЗВОДСТВО

# 10 ЛЕТ ПОД ЗНАКОМ КАЧЕСТВА

**АО «Локомотив құрастыру зауыты», на тот момент дочернее предприятие АО «НК «Қазақстан темір жолы», было создано в рамках реализации государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития Казахстана.**

Завод стал одной из первых ласточек начала серьезных структурных изменений в экономическом росте страны. Основной целью предприятия и по сей день является внесение достойного вклада в индустриально-инновационное развитие Казахстана и повышение конкурентоспособности железнодорожной транспортной системы страны.

Напомним, 16 декабря 2009 года состоялась торжественная презентация первого грузового магистрального односекционного тепловоза пятого поколения двухкабинного исполнения серии Evolution-ТЭ33А, собранного в Казахстане. Локомотив с бортовым номером 0011 принимали Премьер-министр Республики Казахстан и президент АО «НК «ҚТЖ».

С того памятного дня прошло немногим больше 9 лет, но уже к концу первого квартала 2019 года с конвейера казахстанского завода сошло 346 тепловозов, из которых 326 грузовых и 20 пассажирских.

На сегодняшний день перед молодым, но уже окрепшим предприятием стоят очень амбициозные и сложные задачи. С каждым годом план выпуска и линейка производства растут. В начале 2020 года планируется изготовить первую партию маневровых тепловозов согласно Техническим заданиям АО «НК «ҚТЖ» с началом серийного производства после сертификационных испытаний.

Проектная мощность завода составляет 100 грузовых магистральных локомотивов в год, и, в сравнении с другими локомотивостроительными заводами, на ЛКЗ проводится полный цикл производства, от раскроя металла и формирования всех крупных металлоконструкций до сборки. Также на месте проводятся 19 видов испытаний.

За прошедшее время 2011 год можно с уверенностью назвать знаковым для предприятия – именно тогда был заключен первый экспортный контракт с «ТЖД» (Таджикские железные дороги). Потенциальными покупателями казахстанского локомотива являются также железнодорожные администрации и частные операторы всего пространства колеи 1520, а это все страны СНГ и Балтийского региона.

Также одним из наиболее приоритетных направлений в работе АО «Локомотив құрастыру зауыты» является локализация производства. Именно для этого в рамках предприятия организован мощный отдел технической локализации. На конец первого квартала 2019 года процент казахстанского содержания при выпуске ТЭ33А в денежном выражении составил более 30%.

Сегодня АО «Локомотив құрастыру зауыты» представляет собой современное машиностроительное предприятие с высококвалифицированным персоналом, обеспечивающее рабочими местами уже более 600 казахстанцев.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

ТРЕНИНГ

# УРОК ДЕЛОВОЙ ИГРЫ

**Проведение тренингов, деловых игр на станции Алтынколь становится неотъемлемой частью работы с персоналом.**

В этот раз состоялся тренинг на тему «Білімділік – қауіпсіздік кепілі», в котором участвовали 4 команды, «EVOLUTION», «TRANSIT», «EXPRESS», «TECHNICIAN», состоящие из работников ДС Алтынколь. Каждая команда укомплектована из четырех работников, которые состязались в умении, смекалке и принятии интересных решений.

Первый тур – «Вопрос-ответ», где все команды показали свои профессиональные знания.

Второй тур назывался «Найди слово» и построен на концепции венгерского кроссворда, где участникам предстояло искать слова в большом квадрате и выделять их.

В третьем туре участники должны угадать загаданное слово в кроссворде.

Не менее интересным и насыщенным стал четвертый тур – домашнее задание. Команды заранее подготовились и в полной красе раскрыли тему по вопросам безопасности движения поездов.

Команда «EXPRESS» и «EVOLUTION» подготовили доклад на тему безопасность при маневровых работах. А участники команды «TECHNICIAN» – презентацию на тему «Тормозной башмак».

Эмоционально и ярко выступили участники команды «TRANSIT» с домашним заданием в виде деловой игры «Введение регламента переговоров».

По итогам трех туров победу одержала команда «EXPRESS», 2-е место у команды «TECHNICIAN», 3-е – «TRANSIT».

– Подобные мероприятия помогают нашим работникам в такой форме подтвердить свои знания, раскрыть себя в практической форме и повысить культуру производства, – отметил начальник сектора производственной безопасности и экологии Максат Ошакбаев.

Принято решение ежеквартально организовывать семинары, тренинги и викторины по вопросам безопасности движения.

*Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматинская область*

## СУИНГАРИН САБИТ МУКАНОВИЧ



С большой болью встречено известие о кончине ветерана железнодорожной отрасли, Почетного железнодорожника Суингарина Сабита Мукановича.

Его имя и дела хорошо известны труженикам и ветеранам железнодорожного транспорта. За время работы Сабит Муканович проявил себя профессионалом высокого уровня. Его всегда отличали требовательность к себе, порядочность и благородство, честность и принципиальность, чуткое и внимательное отношение к коллегам.

После окончания Ташкентского института железнодорожного транспорта Сабит Муканович всю жизнь посвятил железной дороге. С 1984-го по1998 год работал главным ревизором филиала РГП «Қазақстан темір жолы» – «Западная железная дорога». С 1998-го по 2005 год – главным ревизором по безопасности движения Представительства ЦРБ АО «НК «ҚТЖ» по Актюбинскому региону.

Светлая память о нем, навсегда сохранится в наших сердцах и всех, кто его знал и трудился на железнодорожном транспорте.

Руководство и коллектив департамента безопасности движения АО «НК «Қазақстан темір жолы» скорбят о большой потере старшего товарища и друга Суингарина Сабита Мукановича и выражают глубокие и искренние соболезнования родным и близким.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» ұжымы және кәсіподақ комитеті темір жол саласына еңбегі сіңген ардагер, Құрметті теміржолшы

**Сүйінғарин Сәбит Мұқанұлының**

қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қамқор Вагон» ЖШС ұжымы «Қамқор Вагон» ЖШС өндіріс жөніндегі директоры Болатқызы Исағалиұлы Әбдірашевке

**анасы Мәрия Әлмағамбетқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Асыл ананың топырағы торқа, иманы жолдас болсын!

Руководство филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Кызылординское отделение ГП» и Кызылординский филиал ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» выражают искренние соболезнования семье и близким в связи с тяжелой утратой Почетного железнодорожника, обладателя ордена Дружбы народов

**Суингарина Сабита Мукановича**

NUR MEDIA

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

«Нұр-Медиа» ЖШС Бас директоры
**Болат ҚАЛИЯНБЕКОВ**

Бас редактор
**Дина МУЗДУБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт ӨМІРЗАҚОВА**

Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Кенесары, көшесі, 25. Бөлім тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-09, 94-52-88, railnews@mail.ru

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 13900
Газет тарату және жеткізу қызметімен «Нұр-Медиа» ЖШС айналысады
® Жарнама. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Кезекші редакторлар: **С. Бакесова, Р. Рахметов**

**Меншікті тілшілер:**
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосүйім Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Жасұлан Сейілханов 8-775-573-23-53
Маңғыстау: Шахида Джуманова 8-701-195-70-35
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Кокшетау: Сауле Кусаинова 8-701-738-96-70

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Жарнама жөніндегі менеджер Жанель Сағындықова, тел. 8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama_hit@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.

ПАМЯТЬ

# УНИКАЛЬНЫЙ ЭКСПОНАТ

На минувшей неделе на привокзальной площади прошло торжественное открытие постамента легендарному паровозу серии «Л», в котором приняли участие первые руководители Павлодарского отделения ГП, станции Павлодар и почетные железнодорожники. Презентацию сотрудники стальной магистрали приурочили сразу к нескольким юбилейным датам.

**Айдана ЕРТАЙ**

В мероприятии приняли участие директор Павлодарского отделения ГП Даулетбек Нигметов, руководитель Павлодарского отделения магистральной сети Аскар Жексенбинов, ветеран труда, заслуженный работник транспорта Казахской ССР, Почетный железнодорожник Аби Саркыншаков. Паровоз-памятник серии «Л» под номером 3993, который привезли еще зимой из Алматы в Павлодарское эксплуатационное локомотивное депо, теперь украшает привокзальную площадь. Все эти месяцы сотрудники предприятия проводили его капитальный ремонт. У транспорта диагностировали коррозию металла и отсутствовало несколько деталей. Стоит отметить, что транспортировать такой раритет нужно было очень осторожно, поэтому паровоз возвращался в Павлодарский регион в течение четырех суток на скорости 20-25 километров в час.

– Мы сегодня стали свидетелями исторического события. Открытие этого памятника приурочено к 95-летию станции Павлодар и Павлодарского эксплуатационного локомотивного депо, а также к 65-летию Павлодарского отделения железной дороги, 115-летию Казахской железной дороги. Это своеобразный дар нашему городу, которому через год исполнится 300 лет, – сказал Даулетбек Нигметов. – Примите самые искренние поздравления. Каждому работнику стальной магистрали желаю успехов в работе и процветания.

У уникального раритета сохранился акт об окончательной сдаче и приемке, составленный еще 23 февраля 1955 года. В это же время заводские инспекторы передали его в эксплуатацию в депо Атбасар Карагандинской железной дороги. Еще 17 февраля представители заводоуправления провели испытание паровоза на станции Ворошиловград Донецкой железной дороги. Транспорт произведен на Ворошиловградском паровозостроительном заводе имени Октябрьской революции. Паровозы этой серии эксплуатировались Павлодарским отделением дороги в течение 30 лет – с 1931-го по 1961 год. Затем еще столько же их использовали в технологических целях – пропаривали вагоны и подогревали воду. После этот транспорт перевели в государственный резерв Алматинской базы запасов.

Торжественное мероприятие завершилось церемонией вручения почетных грамот и благодарственных писем сотрудникам, внесшим вклад в развитие железнодорожной отрасли. Кроме того, руководство филиалов наградило железнодорожников, которые приняли активное участие в установке постамента.

## Құттықтаймыз!

ИГЕМБЕКОВ ҒАЗИЗ СЕЙТҚАЗЫҰЛЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Шығыс Қазақстан ЖТ бөлімшесі» директорының (АСУ жөніндегі) орынбасары (9 шілде)*

САРБОЛАТОВА РАНУ БАҚТЫБАЙҚЫЗЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Маңғыстау ЖТ бөлімшесі» директорының (экономика және қаржы жөніндегі) орынбасары (9 шілде)*

ҚАДЫРБЕКОВ СЕРІК МҰРАТҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» Атбасар белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы (10 шілде)*

СОКОЛОВ ПАВЕЛ ВЛАДИМИРОВИЧ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма бастығының логистика жөніндегі орынбасары (11 шілде)*

СЕРГЕНОВ УАЛИХАН ӨНГЕНБАЙҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» Түлкібас жол дистанциясының бастығы (11 шілде)*

СҮЛЕЙМЕНОВ РАУАН ТЕМІРХАНҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Шымкент магистральдық желі бөлімшесі» Шымкент электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы (11 шілде)*

ОРЫНБАЕВ СӘКЕН АЛТЫНБАЙҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» Ақтөбе электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы (11 шілде)*

СМАҒҰЛ ЕРБОЛ МӘЛІКҰЛЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Ақмола ЖТ бөлімшесі» Бурабай курорты вагон пайдалану деposының бастығы (12 шілде)*

БАШИМОВ АРМАН АРАЛТАЙҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» Бурабай курорты белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы (13 шілде)*

БИЖАНОВ АХАН ОҢДАСЫНҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Алматы магистральдық желі бөлімшесі» Шелек электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы (13 шілде)*

ӘЛИЕВ НҰРЖАН ҚАЛТАЙҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Шымкент магистральдық желі бөлімшесі» Шымкент жол дистанциясының бастығы (13 шілде)*

ҚАНҒАЛИЕВ АЙБАТ ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫ – *«Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директорының өндіріс бойынша орынбасары (13 шілде)*

ЕРМАНОВ ӘБСҰЛТАН ТІЛЕУҰЛЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Қызылорда ЖТ бөлімшесі» директорының (АСУ жөніндегі) орынбасары (13 шілде)*

ӘБДИЕВ ДҮЙСЕМБАЙ СЕЙСЕМБЕКҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» Қызылорда жол дистанциясының бастығы (14 шілде)*

КӘСІБІ – НӘСІБІ

# ТЕМІРЖОЛШЫ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Қазақстан темiржолының дамуына бір кісідей үлес қосып жатқан әйелдер қауымының еңбегі ерен. Айжамал Амангелдиева Қазығұрт станциясында 36 жылдан бері тапжылмай еңбек етіп келеді. Шойын жолдың қызығы мен шыжығын қатар көріп келе жатқан ол бүгінде станцияға келген жүктерді қабылдап-тапсырудың шебері атанып, басшылардың өтінішімен жастарға «мастер-класс» өткізеді.



**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
*Шымкент*

«Қазығұрт станциясында 23-тен астам кірме жол бар. Соған вагондарды кіргіземіз. Онда жүктерді түсіретін, тиейтін вагондар кіріп шығады. Біздің міндетіміз – жөнелтіліп жатқан клиенттердің жүк вагондарын қадағалау. Яғни клиенттер жүк түсіргеннен кейін вагонның қандай жағдайда тұрғанын тексерген соң барып қабылдап аламыз. Себебі, вагондар ақаусыз келіп, ақаусыз кетуі керек. Станцияда ақаумен кеткен жағдай болған емес. Басшымыз Тоқтасын Қалмырзаев бізден келіп-кетіп жатқан вагондардың сапасы мен жай-күйі ойдағыдай болғанын қатты талап етеді. Себебі, ережеге бағынған, қатаң тәртіпке негізделген теміржол жұмысы сонда ғана алға басып, мекеменің көрсеткіші артатынын әрбір теміржолшы жақсы түсінеді. Егер де вагондармен жіберіп жатқан жүгіміздің бір жері дұрыс байланбай қалса немесе бір жері сынып кететін болса, ол жол апаты немесе тағы басқа келеңсіздік болуы мүмкін. Сол үшін жүк бөлімі сауысқандай сақ, қырандай қырағылықпен жұмыс істеуі керек. Жүк тапсыратын адамдар көрмей, қадағаламай вагонды жайдан-жай жібермейміз», – деп сыр шертті Айжамал Саттарқызы.

Айжамал Амангелдиевамен бірге тағы да 2 жүк қабылдап-тапсырушы жұмыс істейді. Айтуынша, станцияда күніне 100-ден астам вагон түсіріліп, 30-40 вагонға жүк тиеледі. Мамандар осы келген вагондарды қабылдап үлгеруі керек. Станция интернетпен қамтылған, оның ішінде келіп, кетіп жатқан жүктерді АСУ ДКР жүйесі арқылы есебін жүргізіп отырады.

«Жұмысымыз қиын әрі қызықты. Мысалы, зейнетке 58 жасымда кетуім керек еді. Зейнет жасын ұлғайтуына байланысты әлі де бір жыл жұмыс істеуім қажет. Негізі осы зейнет жасын ұзартқаны дұрыс емес деп ойлаймын. Өйткені, теміржолда қателесуге болмайды. Қанша дегенмен жасымыз келіп қалды, мысалы, ашық вагондарға құбырлар артылады, біз сол жүктердің мұқият орналасқанын үстіне шығып көруіміз керек, ол мен үшін қиын. Бірақ соған қарамастан өзімізді қолға алып, тырысуымыз керек. Сол себепті әйел адамдар 58 жаста зейнетке шыққаны дұрыс қой деймін. Бұл – менің жеке ойым», – дейді аға жүк қабылдап-тапсырушы.

Станцияда теміржолшылар үшін жақсы жағдай жасалған. Жұмыс орындары жайлы да таза, қыста жылы. Асхана қажетті техникалармен жабдықталған, сонымен қатар ерлер мен әйелдерге арналған жуынатын душ бар. Шипажай, курорттарға жолдама беріледі. «Медикермен» келісімшартқа отырған, денсаулықтарын да қарата алады. «Теміржолшы – мәртебелі мамандық. Теміржол саласы ұнамаса кетіп қалар едім, ұнаған соң жүрмін. Теміржолшы болғанымызға мақтанамыз. Тек бір ғана өтінішіміз сол, жоғары жақтағы басшылар зейнеткерлік жасты қысқартса екен дейміз. Себебі осында 30 жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан әйелдер бар», – деп көптің көкейінде жүрген өтініш-тілекті де жеткізді Айжамал Амангелдиева.

*Суретті түсірген автор*

АКЦИЯ

# ПЕРВЫЕ В ПОМОЩИ



**В Костанайском отделении грузовых перевозок прошел День донора. Мероприятие проводилось совместно с областным Центром крови, чьи сотрудники, оснащенные специальным медицинским оборудованием, производили сбор крови у железнодорожников.**

С раннего утра более ста сотрудников Костанайского отделения ГП и Костанайского отделения магистральной сети выстроились в очереди к столикам, за которыми разместились медработники. Все они пришли сюда добровольно, движимые желанием оказать помощь тем, кто сегодня нуждается в переливании крови. Данная благотворительная акция проводится среди железнодорожников ежегодно, и всегда, признаются медики, в добровольцах в синей форме, недостатка нет.

– Это нужное и важное мероприятие, – говорит специалист отдела кадров Костанайского отделения ГП Ириада Глебова. – Мы с коллегами всегда рады откликнуться на призыв медиков. Среди наших работников есть те, кто из года в год принимает участие в этой акции. И лучшей наградой для нас будет знать, что кровь спасла чью-то жизнь. В свою очередь от лица коллег хочу сказать, что железнодорожники всегда готовы прийти на помощь, оказать ее другим в любой форме.

*Аслан КУДАБАЕВ, Костанай*
*Фото автора*

СПОРТ

# ӘРІПТЕСКЕ ҚҰРМЕТ

Әскерилендірілген теміржол күзетінің кешегі сарбазы Әділхан Аймағанбетов зейнет жасына толып, құрметті демалысқа шығуына орай, әріптестері оның құрметіне волейболдан жарыс өткізді.



Ардагерлер кеңесі қатарларының тағы бір теміржолшымен толығуына орай ұйымдастырған спорттық шара барысында сегіз адамнан құралған төрт команда волейбол ойнап, жолдастық кездесу өткізді. Оған, атап айтқанда, жүк тасымалы, магистральдық желі бөлімшелерінен бөлек, әскерилендірілген күзет және ардагерлер командасынан да ойыншылар белсене атсалысты.

Спорттық шараларға тұрақты қатысып жүрген ардагерлердің алды 78 жаста. Бәрі де ширақ, қашан да қоғамдық шаралардың бел ортасынан табылады.

Әділхан Мұсаұлы еңбек жолын 1972 жылы темір жол техникумын бітіргеннен кейін бастаған екен. «Кезінде вагон құрастырушы болып бастадым. Ақтөбеге қарай жүретін вагондарды бір бөлек, Қандыағашқа баратындарды бір бөлек тізетінбіз. Соның бәрінен бір пойыз құралады. Әскерге барып келгеннен кейін де станциядағы жұмысымды жалғастырдым. 1987 жылы әскерилендірілген темір жол қызметіне алындым. Міне, содан бері отыз жылдан астам уақыт өтіпті...», – деп естелік айтады ардагер.

Әскерилендірілген темір жол күзетінде ұзақ жыл еңбек еткен білікті маман бүгінгі жастардың кәсіпке немқұрайлығына renішін білдірді. «Біздің кезімізде кадр алмасу деген болмайтын еді. Әр адам өз орнын бағалайтын. Қазір салаға келген жастар ұзамай кетіп жатады. Қиындыққа шыдағысы келмейді. Күндіз-түні жасалатын жұмысты қиынсынады. Ақтөбе атқыштар командасында қазіргі уақытта маман жетпей жатыр. Жастар жеңіл-желпі жолмен ақша тапқысы келеді. Біздің аз жалақыны менсінбейді, бірақ дарақ бір жерден көгеретінін, аз айлықпен-ақ береке табарын ойламай, анда-мында көшіп-қонып жүретін жастарға тұрақты жұмыс істеп, мен сияқты зейнетін көріңдер дер едім», – дейді Әділхан Мұсаұлы.

**Ардақ САТТАРҚЫЗЫ,** *Ақтөбе*
*Суретті түсірген автор*

КӨКЕЙКЕСТІ

# ТЕРЕЗЕ СЫНДЫРУ ҚАШАН ТЫЙЫЛАДЫ?

Маусым айының соңғы күндері сағат 18.30 шамасында Ынтымақ темір жол станциясының 3340 шақырымында, машинист М.Ситниковтың басқаруындағы №0017 электровозының алдыңғы терезесін белгісіз біреу таспен ұрып сындырған.

Теміржолдағы осындай қылмысты ұсақ-түйек деп қарастырмай, алдын алу үшін қатаң шара қолданбаса, бұдан өткен бассыздық пен сорақылық орын алуы әбден мүмкін. Сондықтан, аталған факт бойынша ҚР ҚК-нің 294-бабымен хаттама толтырылып, теріс қылықты қылмыстық іс қозғау қолға алынады.

Қылмыстық іс бойынша белгісіз тұлғаны анықтау мақсатында Шымкент станциясы Желілік ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен жедел іздестіру іс-шаралары жүргізіледі. Ынтымақ станциясының қызметкерлері де жедел іздестіру шарасы барысынан қалыс қалмай, әріптестеріне қол ұшын созады.

Іздестіру кезінде Ынтымақ станциясына жақын орналасқан Түркістан облысының Түлкібас ауданындағы Ынтымақ елді мекені тұрғындарынан сұрау алынды. Нәтижесінде, 2008 жылы туған кәмелет жасқа толмаған Е. есімді жасөспірім ұсталып, өз кінәсін толық мойындады.

Қазіргі таңда сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Жүгенсіз кеткен жасөспірімнің әрекеті нәтижесінде теміржол көлігі зақымданып, белгілі көлемде шығын келгені белгілі. Оны жасөспірімнің ата-анасы өтеуі мүмкін. Ең бастысы, электровоз кабинасында отырған машинистке зиян келіп, әйнек сынығы көзін шығарып, бетін жарақаттаса не болмақ? Ойлаудың өзі қорқынышты. Жалпы, мамандар кетіп бара жатқан локомотивке тас атып, терезе сындыру сынды келеңсіздік қашан тыйылар екен дейді.

**Жан ПЕРДЕБЕК,** *Шымкент*

ЕСКЕРТУ

# ТЕМІРЖОЛШЫЛАРҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жуырда Бурабай курорты локомотив пайдалану депосында Көкшетау бөлімшелік көліктегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының мамандары кездесу өткізді.

Шараға барлығы 43 адам қатысты. Онда локомотившілерге «Психикалық денсаулық», «Жарақаттанушылықтың алдын алу», «ҚР-дағы жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай» тақырыбында лекция оқып, өндірістік жарақаттану, психологиялық денсаулық, кене энцефалитінің алдын алу мәселелері талқыланды

Сонымен қатар, Янко станциясының қызметкерлерімен «Жарақаттанушылықтың алдын алу», «Темекі шегудің зияндылығы» тақырыптарында акция өткізілді. Аталмыш шараға барлығы 13 адам қатысты. Акция барысында темекі шегудің адам ағзасына әсері, сондай-ақ тұрмыстық және балалар жарақаттануының алдын алу мәселелері талқыланды.

Кездесулер барысында теміржолшыларға брошюралар мен буклеттер таратылды.

**Төребай КЕНЖЕБАЙ**

**В ДЕПАРТАМЕНТЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ» ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА РАБОТАЕТ ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ 60-63-08**